



**ІРІКТЕУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?**

8-БЕТ | САРАПТАМА



**ҮЗІГЕН ҮМІТТІ
ЖАЛҒАЙДЫ**

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗДІҢ МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТІМІЗ – ҚАЗАҚСТАНДЫ ІТ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛДЫРУ. ЦИФРЛАНДЫРУ ІСІНДЕ НАҚТЫ ЖЕТІСТІКтеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз. Былтырдың өзінде ІТ саласындағы экспортымыз бес есе өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 500 миллион долларға жетуі мүмкін. Әрине, мұнымен шектелмейміз. 2026 жылға қарай ІТ қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу – үкіметке жүктелетін жаңа міндет.

№120
(4553)

Сейсенбі
10 қазан
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ

Елордада халық санының жылдан жылға жылдам артуы сумен, жылумен қамту, әлеуметтік нысандар салу мәселелерін күрделендіре түсті. Осыған орай қаланың Бас жоспарына өзгерістер енгізіліп, оны Үкімет бекітіп, мерзімін 2035 жылға дейін ұзартуда. Жаңа Бас жоспарда елордалықтар санының алдағы өсімі нақты болжанып, соған сай тиісті жұмыстар жүргізу көзделіп отыр. Осы жөнінде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «Қазақстан» ұлттық арнасындағы «Бас тақырып» хабарына берген сұхбатында айтып берді.

4-5



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ХАЛЫҚ САНЫМЕН ҚАТАР ӨСІП, ДАМУЫ КЕРЕК

ӨМІР СҰРУ ҰЗАРДЫ

Қазақстанда орташа өмір сүру ұзақтығы 74 жасқа жетті. Бұл жөнінде Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният мәлім етті.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, елімізде орташа жастың ұзаруына халыққа медициналық көмек көрсету әсер еткен. «2023 жылдың 7 айында былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда халықтың жалпы өлім-жітім көрсеткішінің 7,4 пайызға, соның ішінде қан айналымы жүйесі ауруларынан 7,4 пайызға, қатерлі ісіктерден 1,8 пайызға, тыныс алу ағзаларының ауруларынан 4,9 пайызға, туберкулезден 20 пайызға өлім-жітім төмендеді» деді министр.

Сондай-ақ нәресте өлімі 10,2 пайызға азайған. Ана өлімінің көрсеткіші 2022 жылмен бір деңгейде, яғни 2022 жылғы 8 айда – 11,4 және 2023 жылдың сәйкес кезеңінде осы деңгейде тіркелді.



АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ-2023: КӨРСЕТКІШ КӨҢІЛ КӨНШІТПЕДІ

Төрт жылда бір рет өтетін жазғы Азия ойындары мәресіне жетті. Қытайдың Ханчжоу қаласында 45 елдің үздіктері 40 спорттың түрінен сынға түскен байрақты бәсекеде 456 алтын медаль сарапқа салынды. Қазақстан ұлттық құрамасы қоржынына 10 алтын медаль түсті, осы нәтижемен командалық есепте 11-орынға тұрақтады.

11



«ЕЛ ЖҮРЕГІ» ЕЛОРДА»

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ
ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ

ӨТІНІМДЕР 5 ҚЫРКҮЙЕК ПЕН 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА ҚАБЫЛДАНАДЫ.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.84 \$ USD/KZT 478.43 ₸ RUB/KZT 4.77 ¥ CNY/KZT 65.53

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына жұмыс сапары аясында «Орта Азия – Орталық» магистральді газ құбырымен Ресейдің табиғи газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсімі өтті. Салтанатты рәсімге Мемлекет басшысымен қатар Ресей Президенті Владимир Путин және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бұл тарихи оқиға Қазақстан, Ресей және Өзбекстанның энергетика саласындағы стратегиялық ынтымақтастығын мүлде жаңа деңгейге көтеретінін және елдер арасындағы тату көршілік қатынастар жылнамасының тағы бір жарқын бетін ашатынын атап өтті. «Газ саласы мемлекеттеріміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуында зор рөл атқарады дегуе болады. Сондықтан бұл жоба барлық қатысушы тараптың мүддесіне сай келеді. Қазақстан өз аумағында магистральді газ құбырын дайындауды уақтылы және толық аяқтады. Жоба Ресей газының экспортқа шығу бағыттарын әртарапандырып, Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға септігін тигізеді. Сондай-ақ Өзбекстанның жылына 3 миллиард текше метрге дейін жететін және жылдан-жылға артып келе жатқан табиғи газға деген қажеттілігін өтеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар

ол елдеріміздің өнеркәсібін дамытуға, бизнес-ахуалды жақсартуға, азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға тың серпін береді» деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысының пікірінше, жоба Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен энергетикалық қауіпсіздікті нығайту ісінде елеулі рөл атқарады. «Жылына 255 миллиард текше метрге дейін газ тасымалдай алатын магистральді газ құбырының 20 мың шақырымнан астам бөлігі еліміздің аумағы арқылы өтеді. Қазақстан өзінің транзиттік әлеуетін толық пайдалануға мүдделі және Ресей газын тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға дайын» деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында маңызды трансұлттық жобаны ілгерілетуге қосқан жеке үлесі үшін Владимир Путинге, сондай-ақ жан-жақты қолдау көрсеткен Шавкат Мирзиёевке ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Қазақстан, Ресей және

Өзбекстанның газ саласындағы мамандарының бірлескен жұмысты кәсіби деңгейде әрі аса зор жауапкершілікпен атқарғанын атап өтті. Сонымен қатар іс-шарада Владимир Путин мен Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі. Телекөпір барысында Энергетика министрі Алмасдам Сәтқалиев Атырау облысындағы «Мақат» компрессор станциясынан байланысқа шығып, «Орта Азия – Орталық» магистральді газ құбырының қазақстандық бөлігі дайын екенін баяндады. Өзбекстандағы «Қарақалпақия» газ өлшеу станциясынан, Саратов облысындағы «Александров Гай» компрессор станциясы мен Санкт-Петербургтегі Лахта-Центрден өзбекстандық және ресейлік газ саласының мамандары бір мезгілде онлайн байланысқа шығып, дайындық жұмыстарының аяқталғаны жөнінде хабарлады. Содан кейін үш елдің басшылары Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосуға рұқсат берді.

ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС БАРЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Президентке еліміз бойынша кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қарақшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді.

Көшелердегі қауіпсіздік деңгейінің артқаны атап өтілді. Президентке құқық бұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, көмелетке толмағандардың құқығын қорғау және интернет-алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды. Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы

нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұғатталып, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған. Мемлекет басшысына Нашқақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және 79 тонна

прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасы жойылған. Сонымен қатар Президентке қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Ауғанстанда жойқын зілзаладан опат болғандар саны 2,5 мыңға жетті.

Жермен-жекпен болған Герат қаласында үйінді астынан құтқару жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Құрбандар саны бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкін. Қазір әртүрлі дене жарақаттарын алған 9 мыңға жуық тұрғын дәрігерлердің қарауында. Осыдан екі күн бұрын Герат қаласында жер сілкіні. АҚШ Геологиялық қызметі оның күші 6,3 балға дейін жетті деп хабарлады.



Австралия ғалымдары теңіз маржандарын жаһандық жылындан қорғау үшін тың әдіс ойлап тапты.

Жәндіктерге майы көп арнайы азық беру көзделген. Осылайша маржандарды аптап ыстық кездері судың қызуынан сақтамақ. Дегенмен, сарапшылар оларды қорғау үшін, ең бастысы, ауаға парниктік газдарды шығаруды азайту қажет дейді. Ғалымдар Жер бетінің күрт жылына бастағанын, тиісті шаралар қабылданбаса адамзатқа қауіп төніп тұрғанын айтып, дабыл қағып жүр.



Палестиналықтар мен Израиль күштері арасында қақтығыс жалғасуда.

Соңғы мәлімет бойынша мерт болған палестиналықтардың саны 500-ге жуықтаған, оның 20-ға жуығы – бала. 2 мыңға жуық адам түрлі жарақат алды. Газадағы 20 мыңнан астам палестиналық БҰҰ басқаратын мектептерді паналауда. Ал Израильде кем дегенде 800 адам қаза тапты. Ливиялық «Хезболла» жасақтары Израиль әскери күштеріне зымыран атып, ХАМАС-ты қолдайтындарын жариялады.

ЕКІ ЕЛ ҚАТЫНАСЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Ресей газын еліміздің аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына тасымалдау жобасын іске қосу рәсімінен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин келіссөз жүргізді.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары екі елдің стратегиялық серіктестігінің қазіргі жай-күйі мен қатынастарды одан әрі нығайту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ сауда-экономика, энергетика, көлік-логистика және басқа да

ықпалдастық, ең алдымен, түрлі саладағы стратегиялық және одақтастық қатынастарға негізделген. Бүгін біз ірі жобаны іске қосу рәсіміне қатыстық. Шын мәнінде, бұл цифр тұрғысынан айтарлықтай үлкен болмаса да, қысқа мерзім ішінде ауқымды

діремің. Әрине, бұл бастамасы ғана деп ойлаймын. Әйтсе де, жалпы аймақтың энергетика саласындағы ынтымақтастығына бағытталған алғашқы әрі аса маңызды қадам. Бірлесіп атқаратын жұмыс көп. Барлық бағыт бойынша қатынастарымыз



салалардағы ықпалдастықты жалғастыру маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғасырлар бойы достық пен тату көршілік қатынастарға негізделген Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстар қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. «Мемлекеттеріміздің ынтымақтастығы көпжақты сипатта табысты дамып келеді. Елдеріміз арасындағы

жұмыс атқарылды. Әрине, мұның символдық мәні келешекте де зор болады» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Владимир Путин жоғары деңгейдегі екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту қажет екеніне назар аударды. «Сіздің Мәскеуге жасаған сапарыңыз – айтулы оқиға. Арнайы келгеніңіз, сондай-ақ бүгін таныстырылған жобаны бірге іске асырғанымыз үшін Сізге ризашылығымды бил-

жақсы дамуда. Бұл үшін Сізге алғыс айтып келеді» деді Ресей Президенті.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинді туған күнімен құттықтап, Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктестігін және Еуразия кеңістігіндегі көпжақты интеграциялық байланыстарды кеңейтуге қосқан жеке үлесін атап өтті.

АГЕНТТІК БАСШЫСЫНА ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Мемлекет басшысына Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы 9 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі және алдағы уақытқа арналған жоспары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жыл басынан бері мемлекетке жалпы сомасы 217 миллиард теңге болатын активтер қайтарылғаны, сондай-ақ көлеңкелі экономиканың деңгейі 18,7 пайызға дейін төмендегені жөнінде мәлімет берілді. Сонымен қатар Жанат Элиманов құқық қорғау органдарына 229 талдау материалы жолданғанын, есірткі сатушылардың қаржылық операцияларын бұғаттау тәжірибесі жолға қойылғанын айтты. Бұл жұмыс азаматтарды, әсіресе жастарды, есірткінің онлайн сатып алудан сақтайды.

Оның айтуынша, есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді жылыстату үшін пай-

даланылған 924 банктік шот бұғатталған. Криптоактивтерді пайдалана отырып жасалатын экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі арнайы бөлімше құрылған. Крипто-әмияндарға тыйым салу және цифрлық валютаны алып қою тетігі әзірленген. Заңсыз 9 крипто алмастырғыштың қызметі жойылған. Ондағы қаржы айналымы 17 миллиард теңгеден асқан.

Президентке Қазақстанда алғаш рет криптовалюта арқылы қылмыстық жолмен тапқан 47 миллион теңге табыс тәркіленіп, Агенттіктің Binance криптобиржасындағы арнайы шотына салынғаны жөнінде баяндалды. Бұдан бөлек, террористік

және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуды көздеген 976 әрекет анықталып, бұғатталған. Экономикалық құқық бұзушылықтардың кейбір белгілері бойынша қылмыстық қудалауды жеңілдету (декриминализация) туралы ұсыныстар енгізілген. Бұл кәсіпкерлерді қорғау шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы адал бизнесті қорғау, қаржы және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес шараларын күшейту қажет екенін ерекше атап өтті.

ЖЕР БӨЛУДЕ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Үкімет Үйінде өткен Жер мәселелері жөніндегі Комиссияның 6-отырысында Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин пайдаланылмаған және заңнаманы бұза отырып берілген жерлерді қайтару жөніндегі жұмысқа қоғамдық бақылауды күшейтуді тапсырды.

Қыркүйек айында өткен Комиссияның соңғы отырысында айтылғандай, жерді мемлекеттік меншікке қайтарудың онсыз да ұзақ үдерісін кешіктіретін негізгі кедергілер соттармен рәсімдік келіспеушіліктер және Кәсіпкерлік кодекстің жаңа талаптарына байланысты бұрын берілген нұсқамалар бойынша тексерулерді жүргізу мүмкін болмай тұр.

Қазіргі уақытта әкімшілік мәселелер шешіле бастады. Ауыл шаруашылығы министрлігі соттардың ауыл шаруашылығы жерлерін қайтару жөніндегі талаптарды қараудан бас тартуына байланысты мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл алгоритмін әзірледі. Оны қазіргі уақытта АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің (ЖРБК) аумақтық бөлімшелері қолданып жүр.

Бұдан бөлек, бүгін қайтарылған жерлерді пайдалануға алу конкурсына қатысуға тең әрі ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында АШМ ауыл шаруашылығы жерлерін беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу қағидалары өзгерістер

енгізу жобасын әзірледі.

Жер ресурстарын басқару комитетінің мәліметінше, құжаттың басты мақсаты – әр санат үшін белгіленген критерийлер бойынша шаруашылықты жаңадан бастаушылар үшін және жұмыс істеп келе жатқан кәсіпкерлерге ауыл шаруашылығы жерлерін беру үшін бөлек конкурс өткізу. «Қағидалардың жаңа редакциясында инвестициялардың болжалды көлемі бойынша балл беру алынып тасталады және ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыс тәжірибесі, ауыл шаруашылығы саласындағы маман дипломы, ауылдық жерде тұру, мүмкіндігіне қарап, ауыл шаруашылығы техникасын есепке алу және басқа да жаңа әрі неғұрлым объективті критерийлер енгізіледі» деді Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржанов.

Жер ресурстарын басқару комитеті жер учаскелері тартып алынған тұлғалардың тізілімін жасайды. Бұл тізілімге енгендер алдағы үш жыл ішінде жер ала алмайтын болады. Жерді пайдаланбағаны үшін 10-нан 200 АЕК-ке дейінгі айыппұл

түріндегі әкімшілік жауапкершілік және жер салығының базалық мөлшерлемесін 20 есеге ұлғайту белгіленген.

Осылайша, жерді пайдаланып отырғандар қолдарына тиген нұсқамалардың салдарын сезініп, көп жағдайда жер учаскелерінен өз еріктерімен бас тартады. Сонымен қатар жер учаскелерін мемлекетке қайтарған тұлғаларға екінші мәрте беру фактілерін болдырмау мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігіне осы рәсімдерді бақылауды күшейту тапсырылды.

Конкурстарға қатысу үшін неғұрлым объективті өлшемшарттарды енгізуді және алынған ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануды бақылау шараларын күшейтуді назарға ала отырып, ерікті түрде қайтарып бергендердің жерді пайдалануға алу конкурстарына қатысу құқығы сақталады.

«Аманат» партиясымен бірлесіп, қайтарылған жерлерді қайтадан әділ бөлуді қоғамдық бақылауға алу үшін «Жер Аманат» жобасы іске қосылды. Бұдан бөлек, өңірлік комиссиялардың құрамына прокурорлар, депутаттар және қоғамның басқа да өкілдері кіреді. Комиссия отырысының қорытындысына сәйкес барлық көтерілген мәселелерді мұқият пысықтап, нәтижелерін бір айдан кейін өтетін келесі отырысқа шығару туралы шешім қабылданды.

ПАРЛАМЕНТТІК КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның екінші отырысы өтті. Кездесуде халықты сапалы медицинамен және біліммен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Отырысты ашқан Палата Төрағасы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 78-сессиясында Мемлекет басшысы Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізудің бірқатар негізгі міндеттерін белгілеп бергенін айтты. Бұл ретте ұлттық денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы проблемаларға баса мән берілді. «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу ұлттық басымдыққа ие екенін айтты. Осы бағыттағы жұмы-

старға депутаттық корпусты жұмылдыру үшін Парламенттік комиссия құрылды» деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы бұл жолда барлық мүдделі тараптың өзара іс-қимылы маңызды екенін атап өтті және кездесуге қатысушыларды ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. «Бізге Орнықты даму мақсаттарын іске асырудың жүйелі тәсілдерін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ индикаторлардың ұлттық жүйесін

жандандыру керек. Өңірлер бойынша Орнықты даму индикаторларының сапалы декомпозициясын жүргізудің де маңызы зор. Бұл жұмысқа өңірлерді белсенді жұмылдырған жөн» деді Палата Спикері.

Комиссияның отырысына Парламент депутаттары, Премьер-министрдің орынбасары, Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрлері, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілі және т.б. қатысты.

ӘРУАҚТАР ДА АҚША АЛҒАН БА?

Үкімет сағатында сөз сөйлеген Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек МӘМС жүйесінде, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорындағы жемқорлық мәселесін батыл сынады. Ол жемқорлықпен жүйелі түрде күреспесе, мемлекеттің денсаулық сақтау саясаты құлдығамға кететінін айтты.

«Мәселен, 2023 жылы Астана қаласының прокуратурасы тексеріс жүргізген. Нәтижесінде 2500 адам негізсіз қызмет алған, олардың арасында марқұмдар да бар. Іс жүзінде олар ауырмаған, тіпті кейбірі қайтыс болып кеткен. Кейбірі Астана қаласында тұрмайды. Алайда олар медициналық қызмет алып жүрген. Салдарынан бюджетке жүздеген млн

теңге шығын келтірілген. Олар тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Қылмыстық іс қайда? Сіз (Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният) айтқан қылмыстық істер қайда? Мұнда мемлекет қаржысы жымқырылды. Сондықтан қылмыстық іс қозғау керек» деді депутат.

Бақытжан Базарбек бұл саладағы статистикаға жүгініп, нақты мысалдар

келтірді. «Солтүстік Қазақстан облысында бюджетке 847 млн теңге шығын келген. Жалпы 2019 жылы – 291 млн теңге, 2020 жылы – 240 млн теңге, 2022 жылы 403 млн теңге «мертвые душиға» артығымен төлем жасап, бюджетке қомақты шығын келтіріліп отыр. Қылмыстық істерді қашан күтеміз? Бюджеттің ақшасын толық сыпырып алғаннан кейін қылмыстық іс қозғайсыздар ма?» деді депутат Ажар Ғиниятқа қаратып. 2023 жылы денсаулық сақтау саласына 2,5 трлн теңге бөлінген. Депутат Бақытжан Базарбек 1 трлн теңгенің қайда жұмсалғаны жайлы Денсаулық сақтау министрі әлі күнге дейін есеп бермегенін айтты.

Қытайда ата-анасы 12 жыл бұрын жоғалып кеткен ұлын кездейсоқ тауып алды.

Олар сол күні Фошань қаласының көшелерінің бірінде көлікпен келе жатқан. Әйелі баласын айтып «Ұлымыз биыл 15 жасқа келді, қайда жүр екен?» деп жылап келе жатқанда күйеуі жолға шыға келген қайыршы баланы қағып кетеді. Ерлі-зайыптылар жасөспірімді ауруханаға апарып жатқан жолда оның өз ұлдарына қатты ұқсайтынын байқайды. Олар жасырын ДНҚ тестін жасатады. Анықтама нәтижесі қайыршы баланың ерлі-зайыптылардың ұлы екенін көрсеткен.



Франция өздігінен қуатталатын электровелосипед жасап шығарды.

Pi-Pop велосипеді энергияны сақтау үшін суперконденсаторларды пайдаланады. Литий батареяларынан айырмашылығы – олар іс жүзінде қоршаған ортаға зиянсыз өндірілуі мүмкін. Оның бағасы 2500 еуроға жақындады. Еуропалықтар жұмысқа көбіне электржетегі бар пауэрбайк мініп барады. Пауэрбайкты зарядтау қажет, ал аккумулятор өндірісі литий тәрізді табиғи ресурстарды көптеп қажет етеді.

Қазақстанда никаб пен басқа да діни киімдерді қоғамдық орындарда киюге тыйым салынуы мүмкін. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мәлім етті.

ДІНИ КИІМДЕРГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНА МА?



«Дін мәселелері өзекті бола бастады. Мәселе – халықтың діндарлығында емес, діни сауатсыздығында. Дәстүрлі емес діни ағымдардың дәстүрлі дінмен қатар қаншалықты белсенді жұмыс істеп жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан министрлік үш бағытта жұмыс істеп жатыр. Деструктивті материалдарды анықтау мақсатында әлеуметтік желілерге тәулік бойы мониторинг жүргізілді. 1 қаңтардан қыркүйектің соңына дейін терроризм мен діни экстремизмді насихаттау қағидаларын қамтитын 14 860 материал анықталды» деді Аида Балаева.

Ол бұл іске теологтар, жұртшылық, сарапшылар мен қоғамдық ұйымдар тартылады деп уәде берді. Еліміздің дін туралы заңы да өзгереді. Ол қайтатылуы мүмкін. Атап айтқанда, қоғамдық орындарда никаб киюге тыйым салынады. «Ең болмағанда, қоғамдық орындарда. Мен бұл тәжірибені бүкіл әлемде көріп жүрмін. Өйткені бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бұл тағы да бірге зерттелетін болады. Біз уәкілетті орган ретінде осы бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, заңнамалық нормаларды қатайтуға күш саламыз» деді министр.

Аида Балаева Ресей, Түрік, Үнді, Корей телехикаяларына неге шектеу қойылмайтынын түсіндіріп берді. Министр шетелдік өнімдерден бас тартатын уақыт әлі жетпегінін айтты. Десе де, қазір олардың саны айтарлықтай азайған.

«Отандық телесериалдың жақсы баға алып, жақсы қарқынды дамып келе жатқанын көріп отырсыздар. Қазір біздегі барлық телеарналар отандық телесериалдарды қарқынды түсіріп жатыр. Бірақ оның барлығы бірсыпыра уақытты талап ететін болған соң, олар түрік, ия болмаса үнді, корей, ресей сериалдарын алып отыр. Алдында одан да көп болған. 2020-2021 жылдары мен министр болып келген уақытта телеарналардың бірі кемі 6 сериал көрсететін» деді Мәдениет және ақпарат министрі.

Ол қазіргі уақытта отандық арналардан көрсетілетін сериалдардың саны күрт өзгергенін айтты. Айтуынша, әр телеарнада кемі бір-екі сериалдан ғана бар. Сапалы отандық сериалдар санын осы қарқынмен арттыра берсек, шетелдік өнімдерді көрсету азаяды.

ИЗРАИЛЬДЕ ҚАНША ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАР?

Израильде консулдық есепке алынбаған 400-ден астам қазақстандық болуы мүмкін. Бұл туралы Сыртқы істер министрінің ресми өкілі Айбек Смадияров мәлімдеді.

«7 қазанда Израильдегі әскери-саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Қазақстанның сыртқы істер министрлігінде жедел штаб құрылып, шетелдегі төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмін дереу орындауға кірісті. Сыртқы істер министрлігінде және Қазақстанның Тель-Авивтегі елшілігінде Израиль аумағындағы ҚР азаматтары мен олардың еліміздегі туыстары үшін жедел желі ашылды. Осы екі күн ішінде отандастарымыздан 500-ден аса қоңырау түсіп, оларға жауап берілді. Қазір Қазақстанның Израильдегі елшілік-консулдық есебінде 77 азамат тіркелген. Оның ішінде елшілік қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері бар» деді Айбек Смадияров.

Ресми ақпарат бойынша, Израильдің жоғары оқу орындарында Қазақстанның 5 студенті оқиды. Сондай-ақ 30-ға жуық қазақстандық жергілікті түрлі медициналық мекемелерде тағылымдамадан өтіп жатыр. Барлығы – 112 адам. «Тель-Авивтегі дипломаттарымыз Израильдегі Қазақстан азаматтарымен тұрақты байланыста және олармен жедел іс-қимыл жасау мақсатында мессенджерде чат құрды. Қазір Израильде тұратын 200-ге жуық Қазақстан азаматы қосылған. Бұл чатта отандастарымыз өздерінің тұратын жері туралы ақпарат беріп, дипломаттармен тұрақты байланыс



орнатты» деді СИМ ресми өкілі.

Оның айтуынша, Израильде қаза болған, зардап шеккен, кепілге алынған қазақстандықтар туралы ақпарат түспеген. Енді Қазақстан елшілігі Air Astana әуекомпаниясымен бірлесіп, Қазақстанға оралуға ниет білдірген азаматтардың тізімін жасау, сондай-ақ оларды қауіпсіз жерге жеткізу бойынша пысықтау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Осы уақытқа дейін Қазақстанға оралуға 118 азамат ниет білдірген. «1-2 күн ішінде Үкімет деңгейінде Тель-Авивке жіберілетін репортажтық рейсті ұйымдастыру мәселесі пысықталып жатыр. Қазақстанның Тель-Авивтегі елшілігінің болжамы бойынша Израильде консулдық есепке тұрмаған 400-ден астам қазақстандық болуы мүмкін» деді Айбек Смадияров.

№120 (4553) 10/10/2023 Сейсенбі

(Соңы. Басы 1-бетте)

**СУ ТАПШЫЛЫҒЫ
МӘСЕЛЕСІ ТОЛЫҒЫМЕН
ШЕШІЛДІ**

– Астанада ауыз су – өте өзекті мәселелердің бірі, тіпті жаздың басында судан қиындық көрген халық көшеге шеруге шығып, наразылық танытып жатты. Оған бірінші себеп – халық санының 1 млн 300 мыңнан асуы болса, екінші себеп – 54 жыл бұрын салынған Астана су қоймасының қаланы сумен қамтуға күшінің жетпеуі. Оған балама ретінде жаңа көздерді табамыз, Нұра су қоймасынан су тартамыз деп едіңіздер, осы мәселе қалай шешімін табуда?

– Биыл маусым айының басында қалада су тапшылығы мәселесі болғаны рас. Сіз айтқандай, елордада бүгінде 1 млн 340 мың адам тұрады. Алайда күнделікті миграция есебімен, яғни іргедегі өзге облыстардан келіп-кететін азаматтарды қосқанда 1 жарым млн адам күнде Астана қаласында болады. Сондықтан су мәселесі туындады. Маусым айында Астана су қоймасынан жаңа су құбырын тартып, ол жұмыстарды аяқтадық. Бұл қалаға қосымша 90 мың текше метр су береді. Осылайша қазіргі сәтте бұл мәселе толық жойылды. Одан бөлек, жаңа су сорғы стансасының да құрылысын бітірдік. Ол қалаға қосымша 100 мың текше метр су беруге дайын. Келесі кезектегі тағы екі жоба бойынша жобалау жұмыстары аяқталып, сараптамасы бітеді. Оның біріншісі – Нұра су қоймасынан су тарту болса, екіншісі – Тельман елді мекеніндегі сорғы стансасын күрделі жөндеуден өткізу. Осы екі жобаны келесі жылы бастап, 1-1,5 жылда бітірсек, онда алдағы 5-6 жылда су тапшылығы мәселесі болмайды. Президенттің тапсырмасымен қазір Үкімет пен тиісті министрліктер үлкен жобаны бастап жатыр, ол Сәтпаев атындағы каналдан Есіл өзенінің арнасына су тарту, бұған бір жылдай жобалау жұмыстары жүргізілсе, әрі қарай құрылысқа екі жыл кет-

**Жеңіс ҚАСЫМБЕК:****ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
ХАЛЫҚ САНЫМЕН
ҚАТАР ӨСІП,
ДАМУЫ КЕРЕК**

теді. Сөйтіп 2027 жылға дейін толығымен іске қосылса, онда су тапшылығы мәселесі 2035-2040 жылға дейін толығымен шешіледі.

**ҚОСЫМША ЖЫЛЫТУ
НЫСАНДАРЫ ІСКЕ
ҚОСЫЛАДЫ**

– Астанада биыл 5 қазанда жылу беріліп, жылыту маусымы басталды. Құрылысы ұзаққа созылған №3 жылыту электр орталығы жұмысын бастады ма? Биыл халықты жылумен толықтай қамтамасыз етеміз деп айта аласыз ба? – №3 стансадағы бірінші

қазандық 4 қазанда қалаға жылу беріп, жұмысын бастады. Расында оның құрылысы 10 жылдан көп уақытқа созылған. Биыл бірінші кезеңін толығымен бітіріп отырмыз, 5 қазандық жұмыс істейтін болады, ол қазандықтар қалаға 300 килокалориядан астам жылуды береді. Жалпы бұрын ЖЭО-1 және ЖЭО-2 станциялары қалаға 2700 килокалория жылу беретін. Қосымша биыл 3 нысан іске қосылуда, қазан айында үшеуі де жұмыс істейтін болады. Біреуі – «Тұран» газбен жылыту стансасы, екіншісі – Қарағандыға шығатын жолда салынған станса және ЖЭО-3, үшеуі қалаға

1 мыңнан астам килокалория жылу береді. Соңғы үш-төрт жылдай бізде жылудан дефицит болса, биыл қыста бірінші рет профицитпен шығып отырмыз. Келесі жылы тағы екі жоба толығымен аяқталады. Олар да 850 килокалория қосымша жылу береді, сондықтан бізде алдағы 5-6 жылға жылу беруден профицит болатыны сөзсіз.

– Биыл Президентке Астананың бас жоспарын таныстырғанда ол жылумен қамтамасыз етуді толық шешпей жатып әкімдік тұрғын үй салуға көп өңіл бөліп отыр деп айтқан еді. Әлеуметтік нысандар салынуы керек орындарға тұрғын үйлер салынып жатқанын айтты. Осы мәселемен күрес қалай жүріп жатыр?

– Қаладағы құрылыс саласы халықты көптеген тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр. 100 мыңнан астам адам сол құрылыстарда жұмыс істейді. Ірі инвестицияны да әкелетін – осы сала. 50 пайыздан астам инвестиция құрылыс саласында. Сондықтан құрылыс әрі қарай да жалғасын табады. Биылғы жоспарымыз бойынша 3-3,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі, оған қажетті жылу, су, басқа да мәселелер бойынша тапшылық жоқ. Әлеуметтік нысандарға келсек, биыл 50 жаңа құрылысқа рұқсат бердік, оның үштен екісі – әлеуметтік нысандар.

**ЖАЙЛЫ ҚАЛАНЫҢ
БІР ТАЛАБЫ – АУЛАЛАРДЫ
АБАТТАНДЫРУ**

– Тұрғын үйлердің ауласын абаттандыру, көгалдандыру және үйлердегі өрт қауіпсіздігі мәселелері бар. Осы орайда құрылыс компанияларына қойылар жаңа талаптар бола ма?

– Биыл жаңа талаптар енгіздік, мысалы, компаниялар тұрғын үйді салып, пайдалануға берер алдында әкімшілікте дендр жобамен жұмыс істеу керек. Біз оны тексереміз, сол дендр жоба бойынша олар бізге аулада қанша ағаш егетінін, қандай абаттандыру жұмыстарын жүргізетінін айтады. Ал жаңа талапқа келсек, бұдан былай ол компаниялар аулалардың жағдайын үш жылдың ішінде қарап, күтіп ұстау керек. Үш жылдан кейін ғана үй ауласы қала әкімдігі қарамағына береді. Оған дейін өздері жауап береді, мұндай міндет бұрын-соңды болған жоқ.

– Заңға қайшы құрылыс жүргізген компаниялар жұмысы тоқтады. Дегенмен Астанада пәтерлеріне кіре алмай жүрген 4 мыңға жуық үлескер бар. Олардың мәселесі қалай шешілуде?

– 3-4 жыл бұрын олардың саны 16 мың адам болған. Биыл жыл басында 4 мың болды, біздің жоспарымыз бойынша желтоқсан айының ортасына дейін 95 пайызының пәтерлер кілттерін қолдарына береміз. Қалған проблемалық 2-3 үй бар. Олардың құрылысын келесі жылдың бірінші тоқсанында толығымен бітірген соң үлескерлер пәтер кілтін алады.

– Астанада жаңбыр жауып, қар ерісе болды жылда қайтанып отыратын мәселе бар, ол – қала көшелерін су басуы. Жалпы бұл 1500 жүргізуші жетіспейді екен. Бұл мәселе қалай шешіледі?

– Қала мен халық саны өскен сайын инженерлік-инфрақұрылым және әлеуметтік инфрақұрылым дамуы қаланың өсуіне ілесе алмай келеді. Бұл мәселе

сол себепті туындауда. 5 жыл бұрын қала бойынша сондай 200 телім бар еді, қазір олар 30-ға азайды. Бірақ қала өсіп жаңа телімдер қосылуда. Әрбір осындай телім бойынша нақты жұмыстар жүргізіліп келеміз. Біздің жоспарымыз – биыл және келесі жылы бұл мәселені толығымен шешу. Көріз желілері салынып жатыр, қаражат бар, нақты осы телімдер бойынша жұмыстар келесі жылы толық бітеді.

**ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК
КӨБЕЙДІ**

– Қазір елордада 430 мың көлік бар. Жұмысқа баратын таңғы уақытта, кешке қайтарда қаладағы көліктер кептелісте қалады. Көпірлер салынып жатқанын білеміз, осы көпірлердің салынуы бұл мәселені түбегейлі шеше ме? Басқа қандай жолдары бар?

– 430 мың автокөлік ол қалада тіркелгені, ал таңертең қосымша Қосшы, Талапкерден, Қояндыдан, жалпы Ақмола, Қарағанды облыстарынан да басқа көліктер келіп-кетіп жатады. Тек қана көпірлер ғана емес, жалпы көшелер мен жолдарды салу үлкен мәселенің алдына алады. Бір ай ішінде Тәуелсіздік көшесіндегі Есіл өзенінен өтетін көпірді іске қосамыз. Ол да үлкен көмегін береді. Келесі жылы тағы да бір көпірдің құрылысын бастаймыз. Жалпы Бас жоспар бойынша алдағы 5 жыл ішінде тағы көпір салу көзделуде.

– Дәл қазіргі таңда қала халқы үшін өзекті болып тұрған мәселелердің бірі – қоғамдық көліктердің кешігіп келуі, тіпті кейбір тұрғындар автобустарды 1 сағат күткеніне шағымданды. Жаңа көліктер алынып жатқаны айтылды, бірақ одан бөлек, 1500 жүргізуші жетіспейді екен. Бұл мәселе қалай шешіледі?

– Қалада қазір барлық бағытта қатынайтын автобустар саны 1 мыңға жуық. Негізі елордаға 1400-1500 автобус қажет. Сондықтан алдағы 2 жылда осы

**ЖАҢА КӨПІР
ЖАҚЫНДА АШЫЛАДЫ**

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Тәуелсіздік даңғылындағы көпірдің құрылыс барысымен танысты.

– Осы айдың соңында көпірді ашуды жоспарлап отырмыз. Көпір төрт жолақты. Көгалдандыру жұмысы көктемде аяқталады. Бұл көпір жолдардағы кептелісті едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сол жағалауды Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол вокзалымен, Қошқарбаев даңғылымен, Нәжімеденов көшесімен, Әзірет Сұлтан мешітімен, Байтұрсыннов, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Момышұлы даңғылымен және т.б. қосымша байланысты қамта-

масыз етеді, – деді әкім.

Қала әкімі көлік қозғалысын іркіліссіздендіру үшін алдағы уақытта бір қанша көпір салу, жол жасау жоспарланып отырғанын да атап өтті. «Келер жылы Кенесары көшесінің бойында (ҚазГЮУ университеті ауданында) Есіл өзені арқылы өтетін тағы бір көпірдің құрылысын бастаймыз. Қазір жобалау жұмысы жүріп жатыр. Сонымен қатар келесі жылы Тәуелсіздік даңғылының Қабанбай батыр даңғылына дейінгі жалғасын

салуға кірісеміз. Бұл қаланың жаңа бөлігіндегі Мәңгілік ел, Қабанбай батыр даңғылдарында, Түркістан, Керей-Жәнібек хандар және Айтматов көшелерінде көлік ағынын сейілтеді. Өткен жылы Ұлы Дала даңғылының бойындағы жаңа көпір мен А62 көшесінің бойында (А91 көшесінен Астана – Қарағанды тас жолына дейінгі учаскеде) көлік қозғалысы ашылған болатын. Бұл да бірнеше көшедегі көлік қозғалысын сейілтті» деп жазды Жеңіс Қасымбек.





мәселені толық шешу бойынша жоспар әзірлеп қойдық. Биыл жоспар бойынша қалаға 400-дей жаңа автобустар әкелінеді. Бүгінге дейін оның жартысы жеткізілді. Қалған 150 автобус осы айдың және жылдың соңына дейін алынады. Қаладағы автобустардың 80 пайызы жаңа. Олар 2017 жылдан бері сатып алынған. Ескі автобустарды облыстарға беріп отырмыз. Қазір автобус жүргізушісі болып жүрген, лицензиясы және басқа да құжаттары бар азаматтардың жалақысы – 450-500 мың теңге. Алайда осындай жалақы берілсе де кадр тапшылығы туындауда. Жаңадан келген автобустарға жүргізушілер табылды, сондықтан қазір мың жарым жүргізуші керек деген мәселе жоқ. Қоғамдық көлік жүргізу оңай жұмыс емес, әсіресе қыста қиын. Бірақ мәселе шешіліп келеді. Биыл 8 ай ішінде кадр жетіспеушілігі деңгейі 2 есе төмендеді.

– Біраз жыл жыр болған ЛРТ құрылысы қайта жанданып, жұмыс қызу жүріп жатқанын көріп отырмыз. Ендігі жоспар бойынша бұл құрылыс қашан аяқталып, қолданысқа беріледі? Бөлінген қаражат қанша?

– ЛРТ жобасы 2 жыл ішінде толығымен аяқталады. Оның бойында 10 станса болады. Бірінші кезеңде 5 пойыз әуежайдан шығып, Қабанбай көшесімен Сығанақты бойлай «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейін барады. Қаржы жағынан қосымша тағы 400 млн теңгедей бөлініп отыр. Қытай компаниясы бастап салған, солар әрі қарай құрылысын жалғастыруда.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР – БАСТЫ НАЗАРДА

– Қалада әлеуметтік нысандар жетіспейтіні де жиі көтерілетін мәселе. Атап айтқанда, 3 ауысымды мектептердің болуы, ауруханалар жетіспеуі деген қиындықтар қалай реттелуде?

– Қазір қалада ресми статистика бойынша 3 ауысымда оқитын 8 мектеп бар. Биыл мектеп бітірген түлектер саны 9-10 мың бала болса, бірінші сыныпқа барған саны 20-30 мың, бұл дегеніміз – жыл сайын 12-13 мектеп салу керек деген сөз. Биыл мемлекеттік бюджет есебімен салынған 11 мектепті іске қосып отырмыз. Қосымша 3-4 жекеменшік

мектеп ашылады. «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша 24 мектеп құрылысы биыл басталды, келесі жылы әкімдік қосымша жергілікті бюджетпен 8 мектеп құрылысын бастайын деп отыр. Одан бөлек, 17 жекеменшік мектеп ашылса, сонымен 2,5 жылдың ішінде барлығы 50-ден астам жаңа мектеп салынады. Ол 100 мыңнан астам оқу орнын қамтиды. Осылайша бұл мәселе шешімін тауып жатыр. Келесі мәселе – ол мұғалімдер мәселесі. Жылына кем дегенде 1 мыңдай педагог маман керек, Үкімет бұл мәселемен айналысуда. Жалпы көмек бар. Тағы бір үлкен мәселе – балабақша жетіспеушілігі, 2017 жылдан бастап әкімдік бюджетімен мемлекеттік балабақшалар салынбаған, жыл сайын жекеменшік балабақшалар салынуда. Енді келесі жылдан бастап қала бюджеті есебінен осындай 60 балабақша салу көзделуде. Қазір балабақша кезегінде тұрған 50 мыңнан астам балалардың мәселесі осылай шешіледі.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Дайындаған Райхан РАХМЕТОВА



Сұлтан СЕЙІТ

Қаладағы құрылыс саласы халықты көптеген тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр. 100 мыңнан астам адам сол құрылыстарда жұмыс істейді. Ірі инвестицияны да әкелетін – осы сала. 50 пайыздан астам инвестиция құрылыс саласында

ЕЛОРДА КӨРСЕТКІШТЕРІ

1 МЛН 340 000

ЕЛОРДАДА БҮГІНДЕ АДАМ ТҰРАДЫ

400

БИЫЛ ЖОСПАР БОЙЫНША ҚАЛАҒА ОСЫНШАМА ЖАҢА АВТОБУСТАР ӘКЕЛІНЕДІ

10

ЛРТ БОЙЫНДА ОСЫНДАЙ СТАНСА БОЛАДЫ. ОНЫҢ ЖОБАСЫ 2 ЖЫЛ ІШІНДЕ ТОЛЫҒЫМЕН АЯҚТАЛАДЫ

11

МЕКТЕП БИЫЛ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ЕСЕБІМЕН САЛЫНЫП, ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

24

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 24 МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ БИЫЛ БАСТАЛДЫ

60

КЕЛЕСІ ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЛА БЮДЖЕТІ ЕСЕБІНЕН ОСЫНДАЙ 60 БАЛАБАҚША САЛУ КӨЗДЕЛУДЕ

3-3,5 МЛН

БИЫЛҒЫ ЖОСПАРЫМЫЗ БОЙЫНША 3-3,5 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ



КОММУНАЛДЫҚ ТЕХНИКА КӨБЕЙДІ

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек Астанадағы қар күреу техникаларының қысқа дайындығын тексерді.

– Коммуналдық қызметтер паркін жаңарту бойынша тұрақты негізде жұмыс істейміз. Мәселен, алдағы айларда бас қалаға тағы 30-ға жуық қысқы арнайы техника мен жабдық жеткізіледі. Коммуналдық қызметкерлер күндіз де, түнде де, кез келген ауа райында жұмыс істейді. Олардың қиын әрі жауапты жұмысының арқасында қаламызда тазалық пен тәртіп сақталады, – деді қала әкімі.

Әкім коммуналдық қызметкерлердің жалақы мәселесіне де тоқталды. «Коммуналдық қызметкерлерге сыйақы беріледі, сондай-ақ «Астана Тазалық» ЖШС олардың жалақысын көтеру мәселесін пысықтап жатыр. Коммуналдық қызмет мамандарына еңбегі үшін алғыс білдіремін! Сіздердің жұмыс істеулеріңізге қолайлы жағдай жасауды әрі қарай жалғастырамыз» деді Жеңіс Қасымбек.



№120 (4553) 10/10/2023 Сейсенбі

ӨЗ АҒАШЫН ОТЫРҒЫЗДЫ



Астанада «Өз ағашыңды отырғыз» әлеуметтік акциясы өтті. Игі іске қатысушылар бір мезетте 70-ке жуық ағаш отырғызды. Жер бөліп, ағаш отырғызуға Сарыарқа ауданының әкімдігі қолдау көрсетті.

Іс-шараны «Жаня» отбасы институты орталығы мен Астана қаласы әкімдігінің жанындағы әйелдер

істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы бірлесіп ұйымдастырды. Оған Әйелдер істері

және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары және көпбалалы отбасылар қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылардағы балаларды экологиялық тәрбие сіңіру. Сол арқылы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, ортақ істе отбасының бірлігін арттыру. Сонымен қатар балаларды еңбекке баулу және де қоршаған орта мен табиғатты аялау әр адамның жауапкершілігі екенін сезіндіру.

– Акцияның мақсаты – отбасыларды қоғамдық іске араластыру, балаларды еңбекке баулу, табиғатты құрметтеу, жауапкершілікті сезіну. Қазіргі еккен тал-шыбық ертең жапырағы жайқалған ағаш, одан әрі көрікті орман болатыны белгілі. Осыдан бірнеше жыл өткен соң бұл ағаштардың саясында немере-шөберелеріміз жүретін болады. Таза экология, таза қала мұның барлығы – жарқын болашағымыз үшін. Дана қазақ «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деп ағаштың адамзатқа берер пайдасын ерекше атап өткен, – деді Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық комиссиясының хатшысы Қарлығаш Саркенова.

«АҚБҰЛАҚТЫҢ» АСТЫ ТАЗАЛАНДЫ

Астана қаласындағы Ақбұлақ өзенінің түбін лайдан тазарту жұмысы жүргізіліп жатыр.

2022 жылы Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы лайланған учаскелерді және тұнба көлемін анықтау мақсатында Ақбұлақ ағынының тереңдігіне гидрологиялық зерттеу жүргізді. Нәтижесінде шөгінділердің қалыңдығы 2 метрден асатыны анықталды. Өзен түбінің ластануы су қоймасының батпақтануына және жағымсыз иістің пайда болуына әкелді.

Өзенді көпжылдық шөгінділерден тазарту жұмысы биылғы жылдың 1 қыркүйегінде басталды. Сәуір айына дейін жалғасады. Мұндай ауқымды тазарту 20 жылда алғаш рет жүзеге асырылуда. Өзендер мен су қоймаларының түбін тазартудың мақсаты жер үсті суларын ластанудан және сарқылудан қорғау, олардың санитарлық және эпидемиологиялық жағдайын жақсарту болып саналады.



АНАЛАРҒА АЛҚА ТАҒЫЛДЫ



Астана қаласының Байқоңыр ауданы әкімінің міндетін атқарушы Досхан Тұяқпаев аудандағы көпбалалы аналарға мемлекеттік алтын және күміс алқаларын табыстады.

– Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген сіздер қашан да аман болыңыздар. Отбасының алтын діңгегі болып, тағылымды тәрбие, ізгі дәстүрлер сабақтастығын жалғап жүре беріңіздер. Өз атымынан сіздерге үлкен ризашылығымды білдіремін. Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман болсын. Өсіріп отырған ұл-қыздарымыз, тәуелсіз еліміздің дамуына үлес қосатын азамат болсын! – деді Досхан Тұяқпаев.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ КӨЛЕМІ КӨБЕЙДІ

Биыл елордада 185 мың адам әлеуметтік қолдаумен қамтылды. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы брифингте қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб мәлім етті.

Әлеуметтік қолдау алғандардың ішінде 121 362 – зейнеткер, олардың 8-і – Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері, 33 мыңы – мүгедектігі бар адамдар, оның 8 мыңы – мүгедектігі бар балалар, 27 мыңнан астам көпбалалы отбасылар, 5 738 – «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелері, көпбалалы аналар, 13 мың – аз қамтылған азаматтар.

«Әлеуметтік қолдау шараларын

жетілдіру және мұқтаж азаматтарды көбірек қамту мақсатында өткен жылы төлемдердің мөлшерін ұлғайту және қызмет алушылардың санаттарын кеңейту бойынша 13 қосымша шара енгізілді, – дейді И.Скуб.

Басқарма басшысының айтуынша, газды қосу және жеткізу бойынша шығындарды өтеуге төлемдер 90 АЕК (286 200 теңге) 130 АЕК (448

500 теңге), табиғи апат немесе өрт салдарынан зардап шеккен азаматтарға өтемақы ұлғайтылған. Тұрғын үй жоғалған, бүлінген немесе айтарлықтай бүлінген жағдайда отбасына 65 АЕК-тен (206 700 теңге) 0 400 АЕК (1 380 000 теңге), қайтыс болған адамға (отбасы мүшелері қайтыс болған жағдайда) 15 АЕК-тен (47 700 теңге) 150 АЕК (517 500 теңгеге) дейін, атаулы

Бас қалаға жұмыс сапарымен келген Әзербайжан президентінің Шуша ауданындағы арнайы өкілі Айдын Керимов пен Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Гюнай Эфендиева Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркеновпен кездесті.

ӘЗЕРБАЙЖАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесу барысында Астана қаласында Әзербайжан мәдениеті күндерін өткізу мәселелері қаралды. Сондай-ақ тараптар инфрақұрылым, әлеуметтік-мәдени және өнеркәсіп нысандары, құрылыс саласындағы

бірқатар маңызды мәселені талқылады. Кездесу қорытындысы бойынша түркі елдері ынтымақтастығы аясында атқарылып жатқан жұмыстарды талқылап, алдағы жоспарлар туралы пікірлесті.

ЕЛОРДАЛЫҚ СПОРТШЫЛАР ЕРЛЕДІ



Азида жеңімпаздары елге оралды. Ел абыройын асқақтатқан спортшыларды Астанадағы әуежайдан туған-туыс пен дос-жаран үлкен қошемет көрсетіп қарсы алды.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Азия ойындарында джиу-джитсудан үш алтын медаль алдық. 69 келі салмақта сынға түскен Нұржан Батырбеков ел қоржынына жетінші алтын медаль салды. Бірінші айналымда Сауд Арабиясының өкілі Осаму Кандил, сосын тәжікстандық Рамшед Абдуллоев және жартылай финалда 2022 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері оңтүстіккореялық Чо Сон Хенді жеңіп, финалға шықты. Ақтық айқаста екі дүркін Азия чемпионы Мохаммед әл-Сувайди 4:2 есебімен басым түсті. Сөйтіп, шығыс жекпе-жек түрінің спортшылары ел абыройын асырды.

– Қарсыластарым жақсы дайындықпен келіпті. Жартылай финалда да, финалда да оңай болған жоқ. Тәжірибелі спортшылардан айламды асырды, елдің өнұранын шырақатқаныма қуаныштымын. Мұнымен тоқтамаймыз. Алда бай-

рақты бәсекелер бар. Дайындықты күшейтіп, жеңісті жолды жалғастыра беремін, – деді Нұржан Батырбеков.

Азидаға джиу-джитсудан бес астаналық спортшы қатысса, соның бірі – Галина Дуванова. Ол қарсыластарының осал тұсын тауып, финалға шықты. Алайда күміс медальды қанағат тұтты.

– Азия ойындарына дейін Америкада бір айдай жаттықтық. Оған қоса, екі айдай Алматыда жаттығудан өттік. Сайыстың өзі өте жоғары деңгейде өтті. Бәсеке де жоғары. Негізі, алтын медаль аламын деп шаршы алаңға шықтым. Бұйырғаны – күміс. Дайындықты жалғастырып, тактикалық кателіктермен жұмыс істеп, техникалық шеберлігімді шындай беремін. Алдағы жарыстарда алтын медаль алуға барымды саламын, – деді чемпион рухты Галина.

Сондай-ақ көркем гимнастикадан Қазақстан құрамасының мүшесі, Астана қаласының үздік гимнастшыларының бірі Эрика Жайлауова Азия ойындарының топтық бәсекесінде күміс жүлдеге ие болды.

әлеуметтік көмек төлеу мөлшері 90 мың теңгеден 140 мың теңгеге дейін өсті.

Көпбалалы отбасыларды санаты қосымша енгізіліп, қатты отынды сатып алу үшін төлем мөлшері 8 АЕК-тен (25 440 теңге) 16 АЕК-ке (50 880 теңге) ұлғайтылды. Әлеуметтік маңызы бар аурумен ауыратын балаларға төленетін төлемдердің мөлшері мен кезеңділігі 5 АЕК-тен (15 900 теңге) 25 АЕК-ке (79 500 теңге) дейін ұлғайтылды.

Биыл әлеуметтік көмектің мөлшері басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс-қимылдарына қатысқан

ардагерлерге, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша теңестірілген ардагерлерге және 1986 жылы 17-18 Қазақстанда Желтоқсан оқиғасына қатысушылар қатарынан саяси қуғын-сүргін құрбандарына коммуналдық төлемдер бойынша көмек мөлшері 2,4 АЕК-тен (8 280 теңге) 4,5 АЕК-ке (15 525 теңге) дейін ұлғайтылды. Ауғанстаннан әскерлер шығарылған және Чернобыль АЭС-індегі апаттан зардап шеккендер күні төленетін төлем мөлшері 35 АЕК-тен (120 750 теңге) 45 АЕК-ке (155 250 теңге) ұлғайтылды.



Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ

Өңірлік жәрмеңкеде өнім көп

Бұл жолы бас қалаға өз өнімдерін алып келгендер – Павлодар мен Абай облыстарының шаруалары. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін нарық бағасынан 10-15 пайыз төмен бағамен сату арқылы олар қала тұрғындарына уақыт пен ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылар осы жәрмеңкеге Қазақстанның екі өңірінен 40 түрлі жалпы салмағы 700 тоннаға жуық өнім жеткізілгенін атап өтті. Олардың арасында ет-сүт, шұжық, балық өнімдері, қант, ұн, жарма, өсімдік және жануар майы, жеміс-көкөніс, жеміс-жидек, бал, ұлттық сусындар, тағамдар және т. б. болды.

Павлодар облысының атынан Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалалары мен облыстың 10 ауыл-ауданынан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер қатысты. Олар жалпы сомасы 350 млн теңгені құрайтын 560 тонна азық-түлік әкелді.

– Мұндай жәрмеңкелер өңірлердегі ауыл шаруашылығы өндірушілеріне өз өнімдерін делдалсыз тікелей сатуға мүмкіндік береді, нәтижесінде өнім бағасы көбіне нарықтағы бағадан төмен болады. Жәрмеңкеге арналған ассортиментті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өз қалауымен таңдайды. Астанада өңірлік жәрмеңкелер жыл сайын өтеді. Оған қатысуға ниет білдірген шаруалар саны артып келеді, – деді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев.

Сенбі-жексенбі күндері елордада өткен өңірлік жәрмеңкеге павлодарлықтармен

Астанада демалыс күндері ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің кезекті өңірлік жәрмеңкесі өтті. Елордалықтар таңсәріден тұрып, Қазақ ұлттық өнер университетінің алдындағы алаңды бетке алды. Дәл осы жерде сағат 09:00-де өңірлік жәрмеңке басталды.



бірге Абай облысынан Семей қаласы, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Көкпекті, Ақсуат, Үржар және Жарма аудандарының шаруалары да келіп, 120 тоннадан астам өнімді елордалықтарға ұсынды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, Абай облысы әкелген өнімдердің ішінде 47 тонна ет, 40 тоннаға жуық көкөніс, 10 тонна бау-бақша өнімдері, 8 тонна бал, 5 тонна сүт өнімдері, 2 тонна құрт, бауырсақ, өсімдік майы, шұжық өнімдері және балық түрлері әрқайсысынан 1 тоннадан, ал кондитерлік өнімдер 0,5 тонна болды.

Өткен жылдары осы өңірлерден келген ауыл шаруашылығы өнімдері елорда тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие болған және жәрмеңке кезінде тауарлар

меңкесі өтеді дегенді естігенде бірден елең еттім. Жәрмеңкеге экологиялық таза, сапалы және дәмді өнімдерді ала келдік. Бұрын қатысып көрмегендіктен,



толықтай сатылып кеткен. Биыл да жәрмеңкеге халық көп жиналды. Олар әсіресе ет және сүт өнімдерімен бірге бал, картоп және көкөністі көптеп сатып алып жатты. Павлодар облысынан келген сатушы Сапура Берікқызы мұндай жәрмеңкеге бірінші рет қатысып тұрғанын жасырмады.

– Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңірлік жәр-

меңкесіне алғыс айтамын. Мұндай шаралар жалғаса беруі керек, – деді елорда тұрғыны Марат Бейсенбаев. Иә, осы маңдағы дүкендерде азық-түліктің бағасы қымбат. Сол себепті ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінің өтуі, әрине, халыққа өте тиімді. Көкөніс, жеміс-жидектің пісетін уақытында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мақсатында ұйымдастырылған билығы жәрмеңке қыркүйектің 2-сі күні басталған-ды. Алғашқы болып өз өнімдерін алып келген

өндірушілер мұнда өз тауарын делдалсыз сатуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде жәрмеңкеде сатылған азық-түліктің бағасы нарықтағы құнынан едәуір төмен болды. Қала тұрғындары таңертең келіп, базарға бармай-ақ, үйінің жанынан керек-жарақ азық-түлігін арзан бағаға сатып алып жатты. Көңіл күйі көтеріңкі тұрғындар өңірлік өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік туғызған ұйымдастырушыларға дән риза. Жәрмеңкеде тауар сатып алып жүрген елордалықтардың бірін тоқтатып, әңгімеге тарттым.

– Өзім осы маңда тұрамын. Жеміс-жидек пен көкөніс сатып алу үшін енді орталық базарға бармайтынымна қуанып тұрмын. Жәрмеңкеде азық-түліктің барлық түрі бар әрі мұнда баға да көңілге қонымды, үйдің қасындағы дүкендерге қарағанда әлдеқайда арзан. Ақшаммен қоса уақытымды да үнемдеуге мүмкіндік туғызып, осындай жәрмеңкелерді өткізу дәстүрге айналып келеді. Әр облыс

Түркістан облысының 70-ке жуық ауыл шаруашылығы өндірушілері 556 тонна өнім әкелсе, келесі сенбі-жексенбіде Атырау мен Жамбыл облыстарының аграршылары елордалықтарға 300 тоннаға жуық өнімдерін ұсынды. Одан соң Батыс Қазақстан облысы мен Қызылорда облысының тауар өндірушілері келіп, елордалықтарға азық-түліктің кеңейтілген ассортиментін ұсынды. Алматы облысының тауар өндірушілері Қонаев қаласы мен облыстың 9 ауданының атынан қатысып, жалпы сомасы 205,7 млн теңгеге 186,4 тонна ауыл шаруашылығы өнімін әкелсе, Жетісу облысының Талдықорған және Текелі қалаларынан, сондай-ақ 8 ауданнан келген шаруалар 500 млн теңгеге 214 тоннадан астам тауар әкелді. Олардың айтуынша, өнімдер экологиялық таза ғана емес, сонымен қатар дәмді де ерекше.

Астанада осындай өңірлік жәрмеңкелерді өткізу дәстүрге айналып келеді. Әр облыс



елордаға өздері өсіретін немесе өндіретін өнімдерін әкеледі. Бұл ретте оңтүстік аймақтар бақша дақылдарымен, ал батыс өңірлері балық және ет өнімдерімен танымал екені белгілі. Өндірушілер жәрмеңкеге арналған ассортиментті өз еркімен таңдайды. Іс-шараға қатысқысы келетін шаруалар саны да жыл өткен сайын артауда.

Өңірлік жәрмеңкелер маусымын 28 және 29 қазанда Ақмола облысының ауыл шаруашылығы өндірушілері аяқтайды.

№	Өнім атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы
Ет өнімдері			
1	Сыыр еті	кг/кг	2100
2	Қой еті	кг/кг	2100
3	Жылы ет	кг/кг	2100
4	Құс еті	кг/кг	1100-2000
5	Поросына шұжық	кг/кг	800-2000
6	Жағармай астынан өнімдер	кг/кг	1200-2000
7	Қоспамаймен майлар (етті)	кг/кг	240-1000
8	Жұмыртқа	кг/кг	450
Сүт өнімдері			
9	Ірімшік	кг/кг	2100-2200
10	Сары май	кг/кг	3200
11	Қызыл май	кг/кг	1800
Өсімдік азық-түлік			
12	Бау	кг/кг	2100
13	Бал	кг/кг	450
14	Қурағылмай майы	кг/кг	250
15	Қызылмай	кг/кг	320
16	Мақарон өнімдері	кг/кг	530
17	Жағармай сорпты әзі	кг/кг	100
18	Көкөністер	кг/кг	100
19	Қарбыз	кг/кг	110
20	Қызылқанды	кг/кг	100
21	Шөп	кг/кг	100
22	Қарбыз	кг/кг	100
23	Қызылқанды	кг/кг	100
24	Қызылқанды	кг/кг	100
25	Қызылқанды	кг/кг	100
26	Қызылқанды	кг/кг	100
27	Қызылқанды	кг/кг	100
28	Қызылқанды	кг/кг	100
29	Қызылқанды	кг/кг	100
30	Қызылқанды	кг/кг	100
31	Қызылқанды	кг/кг	100
32	Қызылқанды	кг/кг	100
33	Қызылқанды	кг/кг	100
34	Қызылқанды	кг/кг	100
35	Қызылқанды	кг/кг	100
36	Қызылқанды	кг/кг	100
37	Қызылқанды	кг/кг	100
38	Қызылқанды	кг/кг	100
39	Қызылқанды	кг/кг	100
40	Қызылқанды	кг/кг	100
41	Қызылқанды	кг/кг	100
42	Қызылқанды	кг/кг	100
43	Қызылқанды	кг/кг	100
44	Қызылқанды	кг/кг	100
45	Қызылқанды	кг/кг	100
46	Қызылқанды	кг/кг	100
47	Қызылқанды	кг/кг	100
48	Қызылқанды	кг/кг	100
49	Қызылқанды	кг/кг	100
50	Қызылқанды	кг/кг	100

ҮШІНШІ ІРІКТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?


Төлен
ТІЛЕУБАЙ

2667 ҮМІТКЕР ЕКІНШІ КЕЗЕҢГЕ ӨТТІ

1 қыркүйекте елімізде Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталғаны мәлім. 1-30 қыркүйек аралығында үміткерлер pkrezerv.gov.kz сайтына құржатын жіберді. Бір таңғаларлығы, өтінішті қабылдауға белгіленген 1 айдың ішінде жобаның ресми сайтында 30 мыңнан астам адам тіркеліп, соның ішінде 6404 қатысушы «Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» тестілеуіне жіберілген. 1 қазанда өткен «Мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» тестілеуіне 6404 үміткер тіркеліп, соның 5398-і қатысты. Үміткерлер мәтіндік ақпаратты талдау қабілетін анықтау сынағынан өтті.

Жуырда Президенттік жастар кадр резервінің ресми сайтында тестілеудің келесі блогы – «Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауға» жіберілген үміткерлердің тізімі жарияланды. Іріктеу тәртібіне сәйкес, келесі тестілеу – «Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауға» қатысушылардың жалпы санының 50 пайызы жіберіледі. Бірнеше үміткердің нәтижесі бірдей болған жағдайда, келесі тестілеу блогына көбірек қатысушылар саны жіберілуі мүмкін. Осылайша, тестілеудің екінші блогы – «Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауға» ең жақсы нәтиже көрсеткен 2967 үміткер жіберілді.

Тестілеудің екінші блогы 7 қазанда өтті. Ол үміткердің кесте, графика және диаграмма түріндегі сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін анықтауға бағытталған 25 тест тапсырмасынан тұрады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздегі кадрлардың әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды бастамасының бірі – Президенттік жастар кадр резерві. Президент таланты жастардың әлеуметтік жағынан өсуіне жол ашатын бұл бастамасын 2019 жылдан бері іске асырып келеді. Осы жылдар аралығында жоба өзінің өміршеңдігін, маңызын, тиімділігін көрсетті. Оған дәлел, бүгінгі таңда резервшілер мемлекеттік басқарудың әртүрлі саласында, ұлттық компанияларда және жекеменшік ұйымдарда табысты қызмет атқарып жүр. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктен алынған ресми дерекке сүйенсек, 2019 және 2021 жылдары өткен іріктеу нәтижесімен резервке алынған 350 адамның 268-і – мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында жұмыс істейді. Яғни резервшілердің жалпы санының 77 пайызы әртүрлі лауазымды қызметке тағайындалды. Орталық мемлекеттік органдарға – 125, жергілікті атқарушы органдарға – 35, ұлттық компанияларға – 60, өзге ұйымдарға 48 резервші жұмысқа орналасты. Солардың ішінде 31 адам саяси лауазымдарға, 5 резервші «А» корпусының лауазымдарына тағайындалса, 1 резервші ҚР Парламенті Мәжілісінің және 2 резервші мәслихаттың депутаты болып қызмет атқаруда.

– сыртқы саясат және инвестициялар;

– экономикалық және қаржылық саясат;

– цифрландыру;

– әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам;

Сондай-ақ биыл үміткерлермен әңгімелесуді міндетті түрде салалық орталық органдар өкілдерінің қатысуымен өткізу тәжірибесі енгізілуде. Талаптарға сәйкес, іріктеуге жасы 35-тен

режимде жүзеге асты. Іріктеу объективтілігін қамтамасыз ету үшін үміткерлердің деректері жеке нөмір беру арқылы жасалынады. Бағалаушылар үшін үміткердің кім екені беймәлім болады.

Екінші кезең мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан тұрады. Тестілеу процесі аудио-бейне фиксациямен өтіп, өз бетінше өту шартының сақталуын қамта-

режимде жүзеге асты. Іріктеу объективтілігін қамтамасыз ету үшін үміткерлердің деректері жеке нөмір беру арқылы жасалынады. Бағалаушылар үшін үміткердің кім екені беймәлім болады.

Екінші кезең мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан тұрады. Тестілеу процесі аудио-бейне фиксациямен өтіп, өз бетінше өту шартының сақталуын қамта-

режимде жүзеге асты. Іріктеу объективтілігін қамтамасыз ету үшін үміткерлердің деректері жеке нөмір беру арқылы жасалынады. Бағалаушылар үшін үміткердің кім екені беймәлім болады.

режимде жүзеге асты. Іріктеу объективтілігін қамтамасыз ету үшін үміткерлердің деректері жеке нөмір беру арқылы жасалынады. Бағалаушылар үшін үміткердің кім екені беймәлім болады.

Сарапшылар пулы академиялық орта мен бизнес қауымдастық өкілдерін, мемлекеттік қызметшілерді қамтиды.

Төртінші кезең – ассессмент-орталығы мен құзыреттер бойынша сұхбат. Ассессмент-орталық Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта өтеді. Ол мінез-құлық индикаторлары арқылы үміткерлердің бойындағы белгіленген құзыреттерді анықтауға және бағалауға бағытталған. Үміткерлердің мінезін бағалау топтық және жеке тапсырмалардан тұрады. Жалпы құзыреттерді бағалауға кемінде 15 сертификатталған бағалаушы және 5 супервизор тартылады. Өз кезегінде құзыреттер бойынша сұхбат блогы, кәсіби HR-менеджерлерін тарта отырып, онлайн форматтағы жеке терең сұхбат түрінде өтеді. Сұхбат үміткерлердің ішкі уәдмесін және құндылық бағдарын айқындайтын құзыреттерді анықтауға бағытталады.

Бесінші кезең – сарапшылар комиссиясында үміткерлермен әңгімелесу. Оның құрамына мемлекеттік органдардың басшылары тартылады. Комиссия қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылатын қатысушылардың тізімі жасалады. Алтыншы, соңғы кезеңде Ұлттық комиссияның отырысы өтіп, Президенттік жастар кадр резервіне үздік 50 үміткер қабылданады. Пре-

зиденттік жастар кадр резерві талаптарына сәйкес, резервке алынған адамдар заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік саяси лауазымдарға, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, «Б» корпусының басшылық және «А» санаттар тобының лауазымдарына тағайындалуы мүмкін.

Агенттіктің жұмысы іріктеудің барынша ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Үміткерлерді бағалау нәтижесі олардың жеке кабинетінде және кезең қорытындысы бойынша pkrezerv.gov.kz жарияланып, барлық азамат үшін қатысушылар туралы ақпарат қолжетімді болады. Бұған дәлел, қатысушылар үшін тәулік бойы pkrezerv.gov.kz сайтында Live чаты, сондай-ақ +7-708-096-70-70 нөмірі бойынша техникалық қолдау және әдіснамалық кеңес беру үшін ахуал орталығы жұмыс істейді.

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президенттік жастар кадр резервін одан әрі іске асыру Президенттің сайлауалды бағдарламасы басымдығының бірі екенін айтады.

«Әлеуметтік желілердегі жазбаларға қарасақ, соңғы кездері жоғары лауазымды қызметтерге жас кадрларды ұсыну қоғамның зор қызығушылығын туғызуда. Жаңа министрлер Асхат Оралов пен Зүлфия Сүлейменова Президенттік жастар кадр резервіне (ПМКР) тұрғанына назар аударғым келеді. Бұл жобаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы бастаған болатын. Бүгінгі таңда Үкіметтің үш мүшесі – ПМКР өкілі. Барлығы 350 резервшінің 258-і әртүрлі жауапты лауазымдарға тағайындалды, оның ішінде 34-і – «А» корпусының саяси және мемлекеттік қызметшілері (аппарат басшы-

лары, комитет төрағалары). Осылайша, жас мамандарды басшылық лауазымдарға ұсыну бойынша жоспарлы жұмыс жалғасуда. ПМКР жобасын одан әрі іске асыру – Президенттің сайлауалды бағдарламасы басымдығының бірі» деп жазды Е.Қарин биыл 5 қаңтарда өзінің Telegram-арнасында.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-тың қоғаммен байланыс, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбекті қорғау бойынша басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов Президенттік жастар кадр резервіне қатысушыларды басқарушылық лауазымдарға белсенді тарту арқылы отандық мамандарды қолдау саясаты сәтмен іске асырылып жатқанын айтады.

«2022 жылдың ішінде 10 шетелдік менеджерді қазақстандықтар алмастырды. Олардың қатарында Qazaq Air және «Жолаушылар тасымалы» АҚ-тың бірінші басшылары, сондай-ақ Air Astana вице-президенті бар. Шетелдіктердің саны директорлар кеңестері мен бақылау кеңестерінде де азайып келеді. Бір жыл ішінде ол 23-тен 14 адамға дейін қысқарды (40%). Қазақстандық кадрларды ілгерілету – Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізіліп жатқан «Самұрық-Қазына» қорының мақсатты саясаты. Қор басқарушылар ретінде Президенттік жастар кадр резервіне қатысушыларды белсенді тартады. Қордың өзінде 5 басқарушы директордың 3-еуі – ПМКР жас түлегі» деп түсіндірді ол мәселенің мәнісін.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-тың басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев Жаңа Қазақстанның құрылуына және Президенттің халыққа Жолдауында айтылған реформаларды іске асыруға Президенттік жастар кадр резервінің қатысушылары ерекше үлес қосуы тиіс деп санайды.

«Ұлттық компания Президенттік жастар кадр резервіне іріктелген жастардың әлеуетін жоғары бағалайды. Резервшілердің әрқайсысы кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейін, қазіргі әлемнің тез өзгеріп жатқан жағдайына тез бейімделу қабілетін көрсеткен тиімді көшбасшы екеніне сенімдіміз. Бұл ретте, азаматтық ұстанымына қарамастан, жастар компанияның даму процесіне өз үлесін қоса алады. Резервшілерде бірден басшылық лауазымға орналасуға деген ұмтылыс болмауы керек. Шынында да, теміржолдың ерекшелігіне тез бейімделу өте қиын. Сіз барлық өндіріс процесін білуіңіз керек, күрделі механизмді түсінуіңіз керек. Сондай-ақ логистиканың, жүк тасымалының, контейнерлеудің және тағы басқалардың барлық тенденцияларын түсіну қажет. Теміржол кездейсоқ адамдарды емес, тек тұрақты дамуға ұмтылатын және тиісті құзыреті мен білімі бар нағыз кәсіби мамандарды жұмысқа қабылдайды. Бұл жағдайда білім мен құзыреттілік амбициядан жоғары болуы керек» дейді ол.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев мемлекеттік қызметшілердің жаңа легін қалыптастыру құзырлы агенттіктің стратегиялық міндетінің бірі екенін мәлім етті.

«Ел мүддесіне адал қызмет ететін деген жастарды Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуге қатысуға шақырамын. Мемлекеттік аппаратқа білімді, еңбеккер, Отанға қызмет етуді өзіне парыз санайтын жастар қажет. Жастарымыздың бойындағы тасқындалған күш-жігер мен білімді ел мүддесіне қызмет етуге бағыттау, кәсіби мемлекеттік қызметшілердің жаңа легін қалыптастыру – агенттіктің стратегиялық міндетінің бірі» дейді ол.



«Сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау» тестілеуіне жіберілген барлық үміткер 6 қазан сағат 23:59-ға дейінгі мерзімде (Астана уақыты бойынша) өзінің жеке кабинетінде тест тапсыру уақытын таңдады. Оларға тестілеудің тапсырмаларын орындауға 25 минут уақыт берілді. Нәтижесі алдағы уақытта pkrezerv.gov.kz сайтында жарияланады. Жоғарыдағы кезең-кезеңмен өткен сынақтарға қатысушылардың зор қызығушылығы бар екенін байқауға болады.

БИЫЛҒЫ ЖАҢАЛЫҚ ҚАНДАЙ?

Ендігі кезекте үшінші іріктеудің ерекшелігіне толығырақ тоқталайық. Басты ерекшелік – мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып, мақсатты іріктеу жүргізу. Осылайша, кезекті іріктеу мынадай 6 негізгі сала бойынша жүзеге асады:

– инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты;


– агроөнеркәсіп кешені және қоршаған ортаны қорғау;

аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес дәрежеде меңгерген Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады. Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі болу үшін үміткерлер 6 кезеңнен тұратын кешенді іріктеуден өтуі тиіс. Енді осы кезеңдерге жеке-жеке тоқталайық.

Бірінші кезең – резервке іріктеуге қатысатын үміткерлердің құржатын қабылдау. Ол 2023 жылдың 1-30 қыркүйегі аралығында pkrezerv.gov.kz арнайы ақпараттық жүйесінде және онлайн

масыз ету прокторинг жүйесімен қадағаланады.

Үшінші кезең – ситуациялық тапсырмаларды шешу. Бұл кезең үміткерлердің таңдаған салалық бағыттарына байланысты ситуациялық тапсырмалар түріндегі нақты проблемаларды шешуге деген көзқарасын бағалауға бағытталған. Аталған кезең онлайн-режимде аудио-бейне жазбамен сүйемелденіп, эссе жазу форматында жүргізіледі. Орындалған тапсырманың шешімі қызметтің тиісті бағыттары бойынша бір уақытта үш салалық сарапшымен бағаланады.



Елімізде жылына орташа есеппен 600-ге жуық адам жоғалса, оның 80 пайызы ғана не өлі, не тірі табылады екен. Оқу орнынан, үйінен шығып, қайта оралмағандардың арасында үлкені де, кішісі де бар. Жоғалған жандарды іздеу жұмысына ішкі істер органдары, кинология қызметі, төтенше жағдайлар қызметкерлері және волонтерлер жұмылдырылады. Соңғыларының бұл жұмыста пайдасы көп болып тұр. Солардың бірі – елордалық «Lider.kz» волонтерлер ұйымы. Елімізде адам іздеумен айналысатын жалғыз ұйымның жетекшісі Айзада ЖҮСІПОВА бұл жолда қуаныш пен қайғы қатар жүретінін айтады.

Индира
БЕРЖАНОВА

Тағдыр тәлкегіне түскен жандардың қайғысына бей-жай қарай алмайтын еріктілер тобы, елдің бәрі күдер үзсе де, алған бетінен қайтпай, адамдарды іздейді. Жақындарының көз жасына қарай бірі тірі, ал бірі, өкінішке қарай, өлі табылады. Ұйым құрылғалы 7 жыл уақыттан бері тұрғындардан келіп түскен өтініштерге қарай Астана қаласында 3000-ға тарта адамды іздеп тапқан. Алайда іздің арты сұйылып, бірте-бірте жоғалып, бірнеше жылға дейін немесе мүлдем табылмай жатқандар да қаншама. Қазіргі таңда елордада 300-ге жуық азамат іздестірілуде. Олардың жартысы – туыстық қарым-қатынасы үзілгендер.

Волонтерлер ұйымы – 25 қала мен өңірде орналасқан бірегей қауымдастық. Олардың қатарында, негізінен, өзін-өзі жұмыспен қамтыған кәсіпкерлер, дәрігерлер, зейнеттегі полиция қызметкерлері, өрт сөндірушілер секілді барлық саланың ма-

ЖОҒАЛҒАНДЫ ІЗДЕП, ҮЗІЛГЕН ҮМІТТІ ЖАЛҒАЙДЫ



іздеп, тек 21 мамырда баланың мәйітін балықшылар тапты. Осы оқиғадан кейін сол кезде танысқан волонтерлер бірігіп, ұйым құруға бел будық. Сол бұлдіршінің қазасы есімізге түскен сайын көкірегіміз қарс айрылады. Бұл біздің осы игілікті ісімізді тастамауға серпін береді» дейді Айзада.

Волонтер өзі секілді ниеттес адамдарды жинап, еріктілер ұйымын құрып, бүгінде бұл ұйымның бас қалада аса танымал екенін айтады. Еріктілер қатары жыл санап арта түсуде. Бір қызығы, әрбір іздеу жұмысынан кейін жоғалғандардың туыстары мен жақындары өз қалауымен еріктілер қатарына қосылып жатады екен.

Ұйым жоғалған адамдарды іздеп, үзілген туыстық қатынастарды жалғаумен айналысады. Еріктілер тобы ішкі істер органдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, бүгінгі таңда қалалық бірқатар ауданның Ішкі істер басқармасымен меморандумға қол қойыпты. Ең әуелі балалар, мүгедектігі бар және егде жастағы адамдарды кезек күттірмей іздестіреді. Еріктілер оқиға орнынан бастап із қуып, бейнежазба немесе куәгерлер арқылы соңына түседі. Топ мүшелерінің бірі әлеуметтік желілердегі чаттарда хабарлама жібереді, ал басқалары жаяу іздейді. Еріктілердің арнайы кеудешесі мен құжаты бар. Іздеу жұмысына волонтерлер кеудешесіз шықпайды. Сонымен қатар оларға шам мен рация да беріледі. Нақты іздеу жұмысына тек 18 жастан жоғары азаматтар

мандары ақысыз қызмет етеді. Астана қаласындағы топта 80-ге тарта волонтер бар. Негізінен, әйелдерден тұратын командада ер адамдар аз екен.

Ұйым құрылмас бұрын Айзада ерікті ретінде алғаш іздеу жұмысына аяқасты араластым дейді.

«2016 жылы шаштараз болып жұмыс істеп жүрген кезім. Бір клиентім келіп, қатты қобалжып, көріпкел таныстарыңыз жоқ па деп сұрап, әріптесінің қызы табылмай жатқанын айтты. Мен жоқ деп, қандай жағдай болғанын сұрадым. Сөйтсе екі жасар бұлдіршін жоғалып кеткен екен. Ата-анасымен Нұра өзенінің бойында демалып жүргенде, қыздарын таппай қалған. Бұл 11 мамырда болған жағдай еді. Мен жұмысымды жалғастыра бердім. Бірақ әлгі қыз есімнен кетпей қойды. Жазылып қойған клиенттерімді басқа уақытқа

шегеріп, жаңағы клиентке хабарласып, оқиға орнына бірден бардым. Сол кездегі көріністен жүрегім қатты езілді. Қабанбай батыр (бұрынғы Рождественка) ауылында 500-ге жуық волонтер жиналған еді. Қарағанды және Алматыдан арнайы еріктілер келіп көмектесті. Мен де іздеу жұмысына қатыстым. 10 күн



Волонтер өзі секілді ниеттес адамдарды жинап, еріктілер ұйымын құрып, бүгінде бұл ұйымның бас қалада аса танымал екенін айтады. Еріктілер қатары жыл санап арта түсуде. Бір қызығы, әрбір іздеу жұмысынан кейін жоғалғандардың туыстары мен жақындары өз қалауымен еріктілер қатарына қосылып жатады екен

ғана қатыса алады. Кәмелет жасына толмағандарға, ниеті болса, жұмыс табылады. Мысалы, 14 пен 18 жас аралығындағы жасөспірімдер жоғалғандар туралы мәліметі бар парақшаларды жапсырумен және әлеуметтік желіде таратумен айналысады. Бірақ оларға тек күндізгі уақытта ғана жұмыс істеуге рұқсат егіледі. Одан жоғары жастағылар, шын мәнінде, жүрек қалауымен топқа қосылса болады. Бірақ алғашқы іздеу жұмысынан кейін-ақ кейбірі жұмыс барысындағы түрлі қауіп пен кедергіні қиынсынып, өз ниетінен бас тартып жатады екен.

«Адамдарды іздеу еріктілерден көп күш жұмсаумен қатар, олар өлі табылған жағдайда да ауыр психологиялық сынаққа әкеледі және оған барлығы бірдей қарсы тұра алмайды. Мәселен, ұйымның алғашқы жылында Әсел есімді волонтер болды. Сол жылы суға батып кеткен баланың мәйітін тауып, анасына хабарлағанда, ол жалғыз ұлы екенін айтып, жер тырнап жылағанын көрген Әсел шыдамады. Тек үш жылдан кейін ғана волонтер болу өте маңызды миссия екенін ұғып, ұйымға қайта оралған еді. Сондықтан жүрегіңде аяусыздық жоқ жандар ерікті емес» дейді Айзада.

Волонтердің сөзінше, жаз мезгілінде, әсіресе шомылу маусымында балалардың жоғалуы кетіп, суға бату оқиғасы көбейеді. Былтыр қаладағы су айдындарында 42 бала суға батқан. Осы жағынан бірінші кезекте ата-ана тарапынан мұқияттылық жетіспейді.

– Балалардың құдыққа түсіп кету жағдайы да жиі кездеседі. Мәселен, топ қызметінің тарихындағы ең ауыр оқиғалардың бірі 2019 жылы тіркелді. 13 жасар Бақдәулет Өмірхан екі күннен кейін өз үйінен 150 метрдегі құдық ішінен табылған. Төрт жыл бұрын, ақпан айы, қазақстан қыстың кезі, елорда іргесіндегі Қырқыншы стансасында беті ашық, бірақ қар көміп, көрінбей қалған құдық көп болды. Іздеу жұмысын жылдамдату үшін бірден сондай құдықтар картасын

тиісті органдардан сұраттық, бірақ олар қазыреті жоқ екенін айтты, бермеді. Сосын өзіміз іздей бастадық. Ақыры үшінші күні түнде таптық. Сараптама нәтижесі баланың екі күн бойы тірі болғанын растады. Бала суықтан және аш болып әлсіреп өлді, – деп еске алды Айзада.

Волонтердің айтуынша, балалардың жоғалуына бірінші кезекте ата-ана кінәлі. Олар бейқамдық танытып, оны қараусыз қалдырады. Сондықтан да қайда тұратынын, ата-ананың фамилиясы мен телефонын жеті жасқа дейінгі баланың миына құя беру керек. Егер жаттай алмайды десеңіз, қалтасына қағазға жазып салып қойыңыз. GPS-сағат тағып не ашық түсті киімдерді киіндірген жөн. Сондай-ақ терезеге қоршап қойып, бұлдіршіндерді оған жолатпаған дұрыс. Бәрінен бұрын көзден таса қылмаңыз. Өйткені бала ешқашан өліп қаламын деп ойламайды, өзін-өзі сақтау инстинкті жоқ. Ал жасөспірімдердің қызық қуып, біреуге бірденің дәлелдеймін деп үйден кетіп қалатын кезі аз емес. Тіпті бір-бірімен бәсекелесіп те үйден кетіп қалған жағдайлар болған.

– Еріктілік бұл хоббиден бұрын өмір салтына айналып кетеді екен. Бұл жолда мен қаншама жүрегі таза, ниеті ақ жанмен танысып, ерекше бір орта таптым. Көптеген адам да өмірге жаңаша көзқараспен қарап, тәжірибе жинау үшін волонтер болып жатады. Еріктілік – өзгелерге көмектесу, өз елінің дамуына, кемелденуіне қандай да бір үлес қосуға деген ұмтылыс. Бір қуантатыны, ондай жандар бізде де баршылық. Өзінді-өзің күштеп ерікті болу мүмкін емес, еріктілік – жүрек қалауы. Егер жаныңа жақпаса, бұл іспен айналысудың қажеті жоқ, – деді өз сөзінде А.Болатқызы.

Жақыныңды жоғалтқаннан ауыр ештеңе жоқ. Аласапыран соғыс кезі емес, мамыражай бейбіт күні оның уайымы өте ауыр. Ал шарқ ұрып іздегендегі жанталаста қаралы хабар жетсе, қайғысы еселене түспек. Волонтер бір тиын ақы сұрамай, күн-түн демей сарп еткен еңбегінің қиыншылығы жоғалған жандардың табысқандығы қуаныш сезімінің бір сәтіне де татымайтынын айтады.



СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Түркітілдес журналистер қоры «Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырды. Осы іс-шара аясында елордаға Анталья журналистер одағының төрағасы Идрис Таш бастап келген түркиялық әріптестер қазақ журналистерімен кездесіп, БАҚ саласындағы маңызды тақырыптар бойынша тәжірибесімен бөлісті.

Райхан
РАХМЕТОВА

Түркітілдес журналистер қоры мен Дүниежүзілік шетелдік баспасөз ассоциациясы «Шеврон» компаниясымен

бірлесіп серіктестікте өткізген іс-шарадағы делегация құрамында TRT телеарнасының Анталья филиалы басшысы Мұхаммед Ахмет Өзжал, «Akdeniz manşet» және «Ileri» газеттерінің қожайыны Мехмет

Шифа Чичек, TRT телеарнасының продюсері Хайреддин Дениз, «Анадолу агенттігі» тілшісі Сүлейман Эльчин, «Hürses» газетінің қожайыны Эрсин Айдын, «Kemer sözcü» газетінің қожайыны Ахмет Дуран

Йенигүн болды. Қор жанынан құрылған медиа-тренинг мектебінің мүшесі, Түркиядағы Ақдениз университеті журналистика факультетінің аға оқытушысы Ышыл Түнчел «Дата журналистика» туралы маңызды мәліметтер берді. Медиа-тренинг мектебінің мүшесі, кәсіби журналист, IT саласының маманы Мейіржан Әуелханұлы «Журналистикадағы жасанды интеллект» туралы тәжірибесін ортаға салды.

ОҚУҒА ҚҰШТАР ЖАСТАР ОЛЖАСЫ

«Dauletten» қайырымдылық қоры» жеке қорының бастамасымен және Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстан студенттер альянсының бірлесіп ұйымдастыруымен өтіп жатқан «Оқуға құштар жас» республикалық кітап байқауы қорытындыланды.

Кітап оқу байқауына 18-35 жас аралығындағы 2500-ден аса оқырман тіркелген. Оқуға міндеттелін шығармалар тізімінде С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Р.Отарбаевтың «Біздің ауылдың амазонкалары», Д.Исабековтің «Қарғын», А.Мантайдың «Жүрекке оралу» атты туындылары бар.

Бекітілген 6 шығарманы оқуға 3 ай уақыт берілді және әр шығарма белгіленген мерзімде оқылуы тиіс болатын. Әр шығарманы оқу уақыты аяқталғаннан кейін ZOOM платформасы арқылы талқылау өтті. Әр шығарманы оқу барысында қатысушыға әлеуметтік желіде #daulettenqorukitap2023, #akademiyalikkitapkhana хештегімен кемінде 1 пост жариялау міндеттелген. Байқау қорытындысында оқылған шығармалар бойынша онлайн платформада тест тапсырылды. Тест нәтижесінде үздік деп танылған 20 қатысушы финалдық кезеңге жолдама алды.

Шарада Мәжіліс депутаты, «Dauletten қайырымдылық қоры» жеке қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы Дәулет Мұқаев, Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғазиза Нұрғалиева, ақын, жазушы Ұларбек Нұрғалым, Қазақстан студенттер альянсы мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері жобаның тиімділігіне тоқталып, үміткерлерге сәттілік тіледі.

Республикалық кітап оқу жарысын қорытындылай келе, үміткерлер арасынан үздік деп танылған Мәдина Сахипова (БҚО) байқаудың бас жүлдесін – Sarafra Travel компаниясы ұсынған Дубайға жолдаманы ұтып алды. Жүлделі 1-орынды және 200000 теңгені Зухра Қажимова (Жетісу облысы) иеленді. 2-орын және 150000 теңге – Динара Есімбековаға (Түркістан қаласы), 3-орын және 100000 теңге Ханша Әнеловаға (Астана қаласы) бұйырды. Тағы 10 қатысушыға ынталандыру сыйлығы – 50000 теңге тапсырылды.

№120 (4553) 10/10/2023 Сейсенбі

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛУЫ ТИІС

Бүгінде сапасыз тауар сатып алу, онлайн-дүкендерге алданып қалу, салдарынан ақшасын қайтара алмау сынды мәселелер жиі кездеседі. Оған көп жағдайда тұтынушылардың заң аясында бекітілген міндеттерін қорғауға мүдделі емес екені әрі құқықтық сауатының таяз болуы себеп. Одан бөлек, өз құқығын талап еткен тұтынушының құқығын таптайтын кәсіпкерлер де кездеседі. Аталмыш мәселеге қатысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыру халықтың әл-ауқатының маңызды аспектісінің бірі екенін атап өтті. Осыған орай, біз Астана қаласы «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін ТОМПИЕВПЕН сұхбаттасқан едік.



– Еркін Қалиұлы, қоғамдық бірлестіктің жұмысы туралы айтсаңыз.

– «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына биыл – 30 жыл. Біздің негізгі міндетіміз тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталды. Қоғамдық бірлестік «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның 42-3-бабына сәйкес, биыл 3654 елордалық тұтынушыға тегін кеңес берді. Отыз жылда 100 мыңнан астам азаматқа көмек көрсетіліп, жалпы сомасы 1 млрд теңге көлеміндегі қаржы астаналық тұтынушыларға қайтарылды. Біз үшін тұтынушының пікірі бірінші орында, сондықтан күн сайын келіп түскен өтініш пен арыз-шағымның барлығын қараймыз.

– Тұтынушылар өз құқығын қаншалықты біледі? Оларға

заңды мүддесін қорғауда нені ескерген жөн?

– Елімізде тұтынушының құқығы заңмен қорғалғанын ұмытпағанымыз жөн. Заңға салғырт қарайтын және өз құқығын білмейтін азамат көп. Мәселен, көйлек сатып алдыңыз делік. Үйге келген соң, оның сапасыз тігілгенін анықтадыңыз. Не істейсіз? Әрине, оны сатып алған дүкеніңізге барып ауыстыруды ойлайсыз. Ал дәл сол жерден сатып алғаныңызды дәлелдеу үшін қолыңызда құжаттар (фискалды чек немесе тауар чегі, түбіртек) болуы тиіс. Сол кезде ғана тауардың ақшасын қайтарасыз немесе басқасына ауыстыра аласыз. Егер тауар (азық-түлік емес) пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, пломбасы, заттанбасы және тауарды сатып алғаныңызды растайтын құжаты болса, «Тұтынушылардың құқықтарын

қорғау туралы» заңға сәйкес, затты алған күннен бастап 14 күннің ішінде сатушы сіз алған тауарды айырбастауға немесе ақшаңызды қайтаруға міндетті. Егер чек берілмесе, Мемлекеттік кірістер комитетіне жүгіну керек. Тауар онлайн-дүкендер, мысалы Kaspi қосымшасы арқылы сатып алынса, оны қайтаруға болады. Тек ескеретін жайт, тауарды сатып алу кезінде сатушының аты-жөнін және ЖСН-ді білу қажет. Ал сатып алынған тауардың кепілдік мерзімі өтіп кетсе, ол қайтарылмайды. Сондай-ақ тұтынушылар лицензиясы жоқ не тіркеуде тұрмаған кәсіпкерлікке қарсы «102» қызметін шақырып, шағым жаза алады. Егер кондитерлік өнімдер және жарғылай фабрикаларды сатып алып, ол өнімде бөгде заттар анықтасаныз, өнімнің атауы, бүлінгені анық көрінетіндей оны суретке не бейнебағға түсірген

дұрыс. Осы секілді мәселелер бойынша тұтынушылар кез келген уақытта бізге хабарласып, көмекке жүгіне алады. Біз қалалық әкімдік ғимаратында (Бейбітшілік көшесі, 11) тегін кеңес беріп, тұтынушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз етеміз. Байланыс нөмірі: 8-701-575-28-28.

– Астана қаласында тұтынушылардың құқығы мен мүддесін қорғауда қандай кешенді іс-шаралар жүргізілді? Нәтиже бар ма?

– «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-пен бірлесіп, апта сайын сауда орындарындағы азық-түлік сапасын бақылау және бағаны тұрақтандыру бойынша мониторинг жүргіземіз. Жыл басынан бері қаладағы 139 ірі сауда орны (супермаркеттер және дүкендер) тексеріліп, сапасыз тауарлар, жарамдылық мерзімі өткен өнімдер және бағаны негізсіз өсіріп қояу секілді заң бұзушылықтар анықталды. Мәселен, А.Пушкин көшесіндегі «Камила», Абылай хан даңғылындағы «Ақсу» және Ұлы дала даңғылындағы «Пампушка-1» дүкенінде тұтынушылардың шағым бойынша кондитерлік өнімдердің көгергенін, тауарларда баға белгісінің қойылмағанын, сондай-ақ тұтынушыларға чектің берілмегенін анықтап, тиісті шаралар қолдандық.

Бірқатар қалалық емханаға қатысты шағымдар да түсті. Олардың басым бөлігі окулист, эндокринолог, пульмонолог, хирург секілді мамандардың науқастарға селқос қарап, дәрекілік танытуына және ұзын-сонар кезекке қатысты болды. Әрбір емханада пациентті қолдау және ішкі аудит қызметі бар, олар медициналық көмектің дұрыстығын бақылап, тек нау-

қастардың мүддесі үшін шешім қабылдауы керек. Алайда бұл қызметті тек емханалардың бас дәрігері бақылайды, сондықтан кей жағдайда науқастың шағымды дұрыс қарастырыла бермейді.

Бас қаладағы қызмет сапасы әлі де елордалық сервис деңгейіне сәйкес келмейтінін мойындауымыз керек. Сондықтан кешенді іс-шараларды жүргізудің маңызы зор. Мысалы, жоғары және орта оқу орындарында студенттермен кездесулер өткенін айта кеткен жөн. «Әділет» ҚБ базасында білім алушылар практикалық сабақтардан өтіп, олар сауда орындарындағы азық-түлік тауарларына мониторинг жүргізуге қатысты. Сондай-ақ Астана қаласының барлық мектеп асханасындағы дайын тағамдардың сапасы, өнімдерді дұрыс сақтау, қондырғылардың жай-күйі және санитарлық кітапшалар бойынша тексеру жұмысы жүргізілді.

– 2010 жылы «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» заң қабылданған еді. Үкімет қарауындағы жаңа заң жобасына қандай жаңалықтар енгізіледі?

– Бізде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы қолданыстағы заң бар, онда тұтынушылардың барлық құқығы, халықаралық нормалар түгел енгізілген, бірақ сол құқықты жүзеге асырудың механизмі жүйелі қарастырылмаған. Мәселен, жаңа заң жобасында қазақстандықтар тұтынушының құқығы бұзылғаны туралы арыз-шағыммен тікелей сотқа жүгіне алатыны ескерілді. Сондай-ақ тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі уәкіл институтын енгізу ұсынылды.

Сұхбаттасқан

Индира БЕРЖАНОВА

АСҚАР АЛҒАН АСУЛАР

Жұмыс бабымен әртүрлі жиынға барып жүріп, кейбір журналист аға, апаларымыздың өз атын шақыратын көкек секілді «Мен сөйткен едім, мен бүйткен едім» деп мақтанғанын көріп жүрміз. Өз басымыз мұны жараспайтын қылық деп есептейміз. Міндетін адал атқарып, еңбегін бұлдамайтын, бетегеден биік, жусаннан аласа, қарапайым ғана тіршілік кешіп жүрген аға буын әріптестеріміз де бар. Сондай азаматтың бірі – радиода да, телеарнада да, баспасөзде де, мемлекеттік қызметте де айқын із қалдырған, бұл күндері еңбегінің зейнетін көріп отырған ардагер журналист Асқар Ахметов.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ



«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дейді қазақ. Анасы кітапханашы болып қызмет істеді. Бала Асқар кішкентайынан кітаптардың арасында өсіп, кітаппен дос болды. Соның ықпалымен ержеткенде тіл маманы болғысы келді. Мектептегі ұстазы Сұран Омаров (мемлекет және қоғам қайраткері Шәріп Омаровтың әкесі) шәкіртінің алғырлығына, оқуға құштарлығына риза болып: «Асқар, сенен бірдеңе шығады» дейтін. Алайда мектеп бітіріп, университетке филология факультетіне құжат тапсырып, конкурстан өтпей қалды. Ауылында радионы көп тыңдайтын еді. Атақты диктор Әнуарбек Байжанбаевтың дауысы құлағында жаңғырып тұрғандықтан журналистиканы таңдады. Сол уақытта елімізде журналистерді оқытатын жалғыз жоғары оқу орны Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп кетті. Нұртөре Жүсіп, Дархан Мыңбай, Жүсіпбек Қорғасбек, Шәмші Пәтеев, Әлімжан Жарылқағанов секілді бүгінгі белгілі журналистермен оқыды. 1984 жылы оқуды бітіріп, дипломын қолына алғаннан кейін жолдамамен сол уақыттағы тың өлкесінің астанасы Целиноград қаласына келді.

Мектепте бірге оқыған, ұзақ жыл Целиноград мединститутында жемісті қызмет еткен ғалым-ұстаз Земфира Қаһарқызымен отбасын құрып, қол ұстасып Целиноградқа бірге келді, ұлы Қазбектен немерелер сүйіп, қызығын көріп отыр.

Еңбек жолын Целиноград облыстық телерадиосынан бастады. Қаптаған өзге ұлттық ортасына түсіп, алғашында абдырап қалған еді. Басқа жаққа кету туралы да ойы болды. Бірақ Владимир Окунь деген телерадио басшыларының бірі «Қазақ журналистері жетпейді. Екі-үш журналист бар, олардың өзінің жасы ұлғайды. Үй береміз, асықпа» деген соң, оның уәжіне тоқтады. Бұл – осыдан қырық жылға жуық уақыт бұрын болған әңгіме. Содан тың өлкесінің насихатына кірісіп кетті. Осындағы қауырт жұмыс, еңбек озаттары туралы хабарларды, репортаждарды дайындады.

«Қазақша сөйлейтін адам таппаймыз. Менің қиналғаным сол болды. Он минуттық жаңалықтарды өзімізге орыс тілінен аударып, дайындауға тура келді» дейді Асқар Ағабекұлы. Телерадио Күлмес Рахымжанов сынды ағаларының қолдауының арқасында

тәжірибе жинақтап, қалыптасып кетті. Бастапқыда «жастар» редакциясында жұмыс істеп, кейіннен «ауыл шаруашылығы» бөлімінің меңгерушісі болды. Қызмет бабымен Целиноград, одан кейін тарихи атауын қайтарған Ақмола өңірінің араламаған жері, бармаған ауылы жоқ. Қысы-жазы тынбайтын еді. Мал қыстату, төлдету, егін егу, жинау науқандарынан ақпарат таратты.

Өткен ғасырдың сексенінші-тоқсаншы жылдары өңірдің қазақланыуына, ұлттық хабарлардың эфирден берілуіне де біраз еңбек сіңірді. Атап айтқанда, «Алтыбақан» хабарын түсіріп, жүргізушісі болды. Наурыз мерекесі қайтып оралғанда, алғашқы тікелей эфирді өзі жүргізді. Кейіннен осы көктем мерекесі кезінде актер болғаны да бар. Онда түйеге мініп, Асан қайғының бейнесін сомдады. «Тіл және мәдениет» қоғамының жұмысына атсалысты. Соның ішінде Қалибек Қуанышбаев театрының ашылуына үлес қосты. Театрдың негізін қалаған көрнекті режиссер Жақып Омаровқа көп көмектесті. Өнер ошағы қай өңірге гастрольмен барса да, Асқар Ағабекұлы камерасын арқалап барып түсіретін. Атақты «Тамаша» ойын-сауық отауы Ақмолаға келгенде оның өнерін насихаттайтын. Торғайда телерадио кейіннен ашылды. Сондықтан Целиноград телерадиосына сол жақтан Алматыға хабар тарату жүктелді. Асқар Ағабекұлы осы міндетті де абыроймен атқарды. Торғай таланттарының елге танылуына септігін тигізді.

Жиырма жылдай облыстық телерадио жұмыс істеп, «Арқа ажары» газетіне ауысты. Газеттің бас редакто-



ры Жомарт Әбдіхалық еді, сол кісінің қарамағында баспасөзде де тәжірибе жинақтады. Жалпы Смағұл Рақымбек, Табыл Құлыяс, Манап Шәкенов, Октябрь Әлібеков, Нұрғожа Ораз сынды журналист, қаламгер ағаларынан үйренгені көп екенін айтады. «Егемен Қазақстан» газеті Алматыдан елордаға көшіп келгеннен кейін елдің бас басылымына қабылданды. Сол кезде газет журналистерін баспамен қамту, редакция ғимаратын жөндеу, басқа да осы секілді ұйымдастыру жұмыстарымен айналысты.

Асқар Ағабекұлы – тарихы терең Әулиеата өңірінің төл перзенті. Соның ішінде даңқты батыр Бауыржан Момышұлы, шындықтың шырақшысы болған Шерхан Мұртазаны қазаққа берген Жуалының тумасы. Бір салада еңбектенгенмен, талай журналисті шекпенінен шығарған Шерағаңмен қамту, редакция ғимаратын жөндеу, басқа да осы секілді ұйымдастыру жұмыстарымен айналысты.

«Шерағаңнан үйренгенім өте көп. Ол кісі сөзді бөлмеуге, сабырлыққа үйретті. Аға адамды жерге, руға бөлмейтін бауырмал еді. «Біреуге жақсылық жасасаң, қайтсе де қайтады» деп айтып отыратын. Сол бауырмалдыққа мені де баулыды. Бильярд ойнай алмайтын едім, оны да үйретіп, соған үйір қылды. Кейін өз киім маған сыйлады. Жалпы

мені қасынан тастамай, қайда барса да ертіп баратын. Сондағы мақсаты елмен аралассың, тәлім алсын деген екен ғой. Мен Шерағаңды балық аулауға апаратынмын. Оған құмар емес еді. Бірақ қармаққа қарап ойланып отыратын. Сонда ойнаса қызып отыра ма деймін. Аузынан шыққан ғибратты сөздерді жазып алуды ойламаппын. Бір өкінішім сол» дейді Асқар Ахметов.

Әкесі Ағабек мемлекеттік қызметкер еді. Ұзақ жыл ауылдық кеңес төрағасы болды. Әке жолы ұлына да жұғысты болды. Шерхан Мұртазаның ұсынысымен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің баспасөз хатшысы қызметіне орналасты. Мұнда мемлекеттік қызметтің имиджін, беделін түсірмеу үшін бар білімі мен білігін салып, осы қызметті абыроймен алып жүрді. Одан соң «Қазақстан» ұлттық арнасында кәсіподақ төрағасы болып зейнетке шықты.

«Осыдан қырық жылдай бұрын Целиноградқа келгенде табиғаттың қаталдығын тосырқап, сол кезде орысша сөйлейтін қаладан кеткім келген. Кейін Ақмола Астана болды. Елорданың орнығуына шамам келгенше еңбек еттім. Енді осында сіңіп кеттік. Шынымды айтсам, елге кеткім келмейді, Астананы қимаймын» дейді Асқар Ағабекұлы қарапайым қалпынан танбай.

АЗИАДА-2023: БИКТЕДІК ПЕ, ТӨМЕНДЕДІК ПЕ?

Қыркүйектің аяғы мен қазан айының басында жаһан жұртының назары Ханчжоудағы спорт додасына ауды. Азиадаға құрлықтың үздік атлеттері жоғары дайындықпен келіпті. Оны тартысты өткен спорт бәсекесінен аңғаруға болады.



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

КОМАНДАЛЫҚ ЖЕТИСТІК

Азияның 45 ұлттық құрамасы қатысып, оның 41-іне медаль бұйырды. Тек 27-сі алтын медаль еншіледі. Азия ойындарында жалпы саны 1593 медаль сарапқа салынып, қытайлықтар медаль алудан алдына жан салмады. Бұл елдің спортшылары 383 медаль жеңіп алды. Оңтүстік Корея атлеттері 190 медаль жинаса, Жапонияда – 188, Үндістанда – 106, Қазақстанда – 80, Өзбекстанда 71 медаль бар.

Шіркін, Азиаданың қорытындысы осылай есептелсе жақсы ғой! Алайда бірінші кезекте алтын медаль, сосын күміс пен қола медальдің саны бойынша командалық есеп айқындалады. Яғни сан емес, сапа маңызды. Бұл бойынша 201 алтын, 111 күміс, 71 қола медаль алған Қытай көш бастады. Азиада барысында Жапония мен Оңтүстік Корея арасында бәсеке қызып, таразы басы теңселіп, екінші орынға таласқан-ды. Алайда соңғы күндері жапон спортшылары алтын медальға лайықты өнер көрсетіп, жалпы саны 52, 67, 69 медальмен екінші орынға жайғасты. Кореяның көрсеткіші – 42, 59, 89. Азияның алыбы Үндістан оянды. Неге десеңіз, Азия ойындарының тарихында бұл елдің көрсеткіші төмен-тұғын. Мәселен, 2002, 2006 жылы 8-орыннан көрінсе, 2010 жылы үздік ондыққа енбеген еді. Бұл жолы миллиардтар елінің спортшылары қай спортта болмасын бәсекеге қабылетті екенін көрсетті. Ханчжоуда үндістандықтар 28, 38, 40 медаль еншілеп, турнирді 4-орынмен қорытындылады. Азия құрлығында спорт державасы ретінде танылған тағы бір ел бар, ол – Өзбекстан.

Шынында, өзбек спортшылары, бокстан бөлек, шығыс жекпе-жек түрлерін де жақсы меңгеріпті. Дзюдодан да олардың бабы мен бағы келісті. Біз қазақ күресін дамытамыз деп жүргенде, өзбектер жолын тауып, құрашын Азиада бағдарламасына енгізіпті. Бұдан да 4 алтын медаль алды. Көркем гимнастика мен ескер есуден де мықты екенін дәлелдеді. Қысқасы, Өзбекстанда, халық санының өсуімен бірге, бұқаралық спорт түрлері қарқынды дамып келе жатқанына көзіміз



Қазақстан спортшылары 10 алтын медаль жеңіп алса, оның екеуі велоспортшы Алексей Луценко мен Евгений Федоровқа тиесілі. Шығыс жекпе-жек түрлерінен қазақ спортшылары ерледі. Джиу-джитсудан астаналық Нұржан Батырбеков қарсыласқа шақ келтірмесе, үш бірдей каратеші – Нұрқанат Әжіқанов, Қайсар Алпысбай, София Берульцева өз салмағында үздік болып, еліміздің әнұранын шырақтатты

дығына мән берген дұрыс. Бәрінен бұрын спорттық инфрақұрылым жеткіліксіз, көпшілігінің тозығы жеткен. Жас спортшыларды физиологиялық ерекшелігіне қарай дайындауда кемшілік бар. Жасөспірімдерге шамадан тыс салмақ қудыру және беру маңызды. Спортшыларға допингке қарсы білім беру төмен деңгейде, бірыңғай медициналық қызмет тұралап тұр. Осылайша саланың кемшілігін атай беруге болады. Мұндай кемшіліктер алдағы уақытта сараланып, салада тың өзгерістер орын алатын шығар. Біз соған сенеміз. Өйткені 10 айдан кейін Париж Олимпиадасы күтіп тұр. Олимпиада ойыны – спорттың даму деңгейін таразылайтын барометр. Ал спорт – елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтайтын құралдың бірі.

СПОРТШЫЛАР ЖЕТИСТІГІ

Біздің спортшылар қай спорт түрінен болсын жақсы нәтиже көрсетті, соған тоқталайық.

Қазақстан қоржынына алғашқы медальды дзюдошылар салды. 48 келі салмақта сынга түскен Абиба Әбужақынова финалда жапон дзюдошысы Натсуми Цунога жола беріп, күміс медальды қанағат тұтты. Сосын 60 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Мағжан Шамшадин қола жүлдеге қол жеткізді.

Сөзсіз, Ханчжоуда мергендердің өнеріне сүйсінідік. Алғашқы алтын медальды солар алды. Әйелдер командасы Әсем Орынбай, Зоя Кравченко, Ольга Панарина стенд атудан 350 балл жинап, қарсыластарына қой бойы озық шығып, алтын медаль иесі атанды. Сосын 10 метр қашықтықтан жылжымалы нысанаға оқ ату сайысында Зухара Ирнарарова екінші алтын медальды еншіледі.

P.S: *Барға қанағат етіп, өз-өзімізді «жалпы медаль саны бойынша үздік бестікке ендік» деп алдап қоямыз. Солай! Алайда мәселенің екінші қырынан қарасақ, Қазақстан Азия құрлығында спорт державасы саналатынын еді. Азиада тарихын талдайтын болсақ, 1994 жылы алғаш рет қатысып, Қытай, Жапония, Кореядан кейінгі орынды алдық. 1998, 2010 жылы 5-інші, 2002, 2006, 2014 жылы 4-орыннан көріндік. 2018 жылғы Азия ойындарында 8-інші, 2021 жылғы Олимпиада ойындарында 83-орын алып, спорт саласында құлдырау басталды. Енді спорт саласын сауықтыру керек.*

Әсем Орынбай мен Эдуард Ещенко стенд ату турнирінің аралас жұптық сайысында дараланды. Сөйтіп, мергендер ел қоржынына үш алтын медаль салса, соның екеуінде Әсем Орынбайдың үлесі болды. Қазаққа мергендік тән. Сондықтан спорттың осы түрін дамыта беру керек.

Қазақстан спортшылары 10 алтын медаль жеңіп алса, оның екеуі велоспортшы Алексей Луценко мен Евгений Федоровқа тиесілі. Шығыс жекпе-жек түрлерінен қазақ спортшылары ерледі. Джиу-джитсудан астаналық Нұржан Батырбеков қарсыласқа шақ келтірмесе, үш бірдей каратеші – Нұрқанат Әжіқанов, Қайсар Алпысбай, София Берульцева өз салмағында үздік болып, еліміздің әнұранын шырақтатты.

Күміс медаль оқ ату, семсерлесу, байдарка мен каноэде есу, батутпен секіру, құраш, грек-рим күресі, велоспорт, карате, бокс және әйелдер боксы, джиу-джитсу, көркем гимнастикадан қатысқан спортшылар алды. Медаль алғандар арасында астаналық спортшылар да бар. Әсіресе Әділбек Мусиннің жетістігін ерекше атауға болады. Ол Азия ойындарының төрт дүркін қола жүлдегері атанды. 2018 жылы Джакартада 2 қола алған-ды. Ханчжоуда тағы 2 қола медаль қосты.

Елордалық балуан Жәмила Бақбергенова Азиадан жүлдемен қайтты. Бұған дейін Жәмиляның қоржынында Азия чемпионатының үш алтын медалі, әлем чемпионатының екі күміс және қола медалі болса, енді Азия ойындарының күміс медалі қосылды.

Боксшылар мен балуандарға үміт артқан едік. Алайда біздің былғары қолғап шеберлері де, еркін күрес шеберлері де алтын медаль ала алмады.

Бокстан команда капитаны, әлем чемпионы Асланбек Шымбергенов ширек финалда өзбекстандық әлем чемпионы Асадухджа Муйдинхужаевпен кездесті. Алғашқы екі раундта біздің боксшы төрешілерімен жеңіліп жатқан-ды. Соңғы раундта Асланбек қарсыласын нокаутқа жіберіп, жеңісті жұлпы алды. Осыдан кейін капитан алтын медаль алады дестік. Алайда жартылай финалда жапон боксшысы Севорету Окадзавемен қолғап түйістіріп, жолы болмады. Соңғы үмітіміз Қамшыбек Қоңқабаевта болған-ды. Біздің боксшы намыстың қайрағымен қамшысын басты. Алайда өзбек алыбы Баходир Жалоловтың қолы көтерілді. Белградта өткен әлем чемпионатында 1 алтын, 1 қола медаль алған еркін күрес шеберлері Азиадан медальсіз қайтты. Есесіне Ханчжоуда грек-рим күресінен 1 күміс, 2 қола медаль түсті.

АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 3 ТОҚСАНДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Мемлекет экономикасын тиімді басқару бюджет қаражатын жоспарлау, пайдалану және бақылау элементтері арасындағы жүйелі талдау негізінде қамтамасыз етіледі. Басқарудың маңызды құралы мемлекеттік аудит болып табылады.

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы ретінде www.kastana.gov.kz сайтында орналастырылатын тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген Тізбесі негізінде жергілікті бюджет қаражатын, мемлекет активтерін және квазимемлекеттік сектор субъектілерін басқару мен пайдаланудың тиімділігіне талдау және бағалау жүргізеді.

2023 жылдың 3 тоқсанында Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы 3 аудиторлық іс-шара бойынша отырыстар өткізді, онда 14 объект қамтылды, оның ішінде мемлекеттік мекемелерде – 9, квазимемлекеттік сектор объектілерінде – 5.

Аудитпен қамтылған қаражат көлемі 96219,8 млн. теңгені құрады, бұзушылықтар 132 516,0 млн. теңгеге анықталды (қамтудан асып түседі, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті және салықтық емес түсімдердің толықтығы мен уақтылығы аудиті кезінде қамту көзделмеген), оның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар – 65 851,4 млн. теңге, олар бюджетке өтелуге және/немесе құжаттарды сәйкес келтіру және/немесе жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіруге жатады;
- 2) бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 48 444,1 млн. теңге;
- 3) тиімсіз жоспарлау – 18 220,5 млн. теңгені құрады.

Бұдан басқа, аудит объектілерінің қызметінде 1053 рәсімдік бұзушылық және 254 жүйелік кемшілік анықталды.

Бүгінде қаржылық бұзушылықтардың мерзімдері келіп түскен 1 624,3 млн. теңгенің 211,5 млн. теңгесі (13%) өтелді, 60806,6 млн. теңгенің 46 695,9 млн. теңгесі (76,8%) қалпына келтірілді.

Жалпы аудиторлық іс-шаралардың қорытындылары есепті кезеңде бюджетке салықтық емес түсімдерді қамтамасыз ету бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол берілгенін, бюджет қаражаты мен мемлекеттік мүлікті тиімді пайдалану қағидаатын сақтамауы, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелерінің көрсеткіштерін дұрыс айқындау, бюджеттік өтімді негізделген есеп айырысулардың болмауы, бухгалтерлік есепті тиісінше жүргізу фактілері сақталғанын көрсетті.

Мектепке дейінгі және орта білім беру, сондай-ақ білім беру ұйымдарында оқушыларды тамақтандыру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігінің аудиті мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлеріне ебекеқы тәуел қорын жергілікті атқарушы органның бекітуі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының талаптарын сақтамағанын көрсетті. Мысалы, лауазымдарды қоса атқару кезінде нормативтен тыс педагогикалық жүктемелер негізсіз бөлінген («№6 гимназия» ШДЖК МКҚ, «№21 орта мектеп» КММ), біліктілік талаптарына сай келмейтін қызметкерлерді лауазымға тағайындау фактілері («№81 Astana English School» халықаралық мамандандырылған гимназиясы) КММ), бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептің жай-күйі аудит объектілеріндегі есептілік төмен деңгейде қалып отыр («№29 «Ақ қайың» бөбекжайы» МКҚК, «№36 «Балапан» бөбекжайы» МКҚК, «№88 «Баян сұлу» бөбекжайы» МКҚК, «№6 гимназия» ШДЖК МКҚ, «№21 орта мектеп» КММ, «№81 Astana English School» халықаралық мамандандырылған гимназиясы) КММ), «№21 орта мектеп» КММ, «№88 «Баян сұлу» бөбекжайы-бақшасы» МКҚК) фактілер орын алған.

Мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде оқушыларды тамақтандыру ұйымдастыру бөлігінде мынадай фактілер анықталды:

- 1) Бекітілген бала мәзірінің рационалына енетін тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алмаған («Райымбек батыр

атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі» КММ, «№21 орта мектеп» КММ);

2) №81 гимназияда 1-4-сынып оқушыларына тегін тамақтандыру ұйымдастырылмаған;

3) 1-4-сынып оқушыларына ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерге негізсіз ақы төлеу («№21 орта мектеп» КММ) фактілеріне жол берілген.

Астана қаласының Білім басқармасы орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыруға тиісті бақылауды жүзеге асырмайды, бұл қызметтердің тиісінше көрсетілмеуіне әкеп соғады, атап айтқанда, тамақтандырудың сапасына және көрсеткіштерін қызметтер үшін негізсіз төлемдерге әсер етеді.

Мемлекеттік органдардың салықтық емес түсімдердің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету тиімділігіне Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасында жүргізілген аудит 127,7 млн. теңгеге жер учаскелерін сатып алудың 18 шарты бойынша бюджетке түсімдер қамтамасыз етілмеген, бұл бюджеттің жанама шығындарына әкеп соқтырған.

Сондай-ақ, Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы жалдау ақысын енгізу бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шарты бойынша жалдаушылардың жалпы көлемінің тек 3-6% ғана қамтиды, бұл жергілікті бюджетке салықтық емес төлемдер түсімдерінің толықтығы мен уақтылығы мәселесінде елеулі кемшілік болып табылады. Бұдан басқа, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шарттары бойынша жалдау төлемдерін және 2021-2022 жылдарға арналған жекешелендіру төлемдерін 19,5 млн. теңгеге мерзімде төлеу фактілері анықталды.

«Астана ветеринарлық қызметі» ШДЖК КММ-да жүргізілген аудит мемлекет активтерін 64,2 млн. теңгеге (зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы төлеуге) тиімсіз пайдалануға және жануарларды ұстау бойынша нақты көрсетілмеген қызметтер үшін 15,3 млн. теңгеге бюджет қаражатын негізсіз пайдалануға жол берілгенін анықтады. Сонымен қатар, 52,1 млн. теңгеге 3 жанықтық көлемінде жиналмалы ангарларды тиімсіз пайдалану анықталды.

Тексеру комиссиясының отырыстарына тұрақты негізде мәслихат депутаттары шақырылатынын атап өткен жөн, онда проблемалық мәселелер көтеріледі, аудит объектілері қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ескертулер мен ұсыныстар талқыланады.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша ақпарат Астана қаласының мәслихат төрағасына және әкіміне жіберілді, сондай-ақ ведомстволық сайтта орналастырылады.

Есепті кезеңде Тексеру комиссиясы барлық бұзушылықтар бойынша мүдделі ұйымдарға 100 тапсырма және 70 ұсыным жіберді, олардың орындалуы белгіленген мерзімдерге сәйкес тұрақты бақылауда тұр. Сонымен қатар, жол берілген бұзушылықтар үшін 57 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Уәкілетті органдарға қарау және шешім қабылдау үшін 105 факті бойынша әкімшілік материалдар жіберілді, оның 92 фактісі бойынша – 5,7 млн. теңге сомасына алыпқұл салумен заңды тұлғалар мен аудит объектісінің лауазымды тұлғалары тартылды, 12 факті бойынша – әкімшілік іс жүргізу қарау сатысында, 1 факті бойынша әкімшілік іс жүргізуді қозғаудан бас тартылды.

Сондай-ақ Тексеру комиссиясы 15 әкімшілік істі өз бетінше қозғады: оның ішінде 14 іс қаралып, жалпы сомасы 2,7 млн. теңгеге айыппұл салынды, 1 іс – қарау сатысында.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерінің болуына байланысты рәсімдік шешімді қарау және қабылдау үшін Астана қаласының прокуратурасына 4 материал жолданды.

Мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдаланудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзушылықтардың алдын алу және азайту мақсатында Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы елордада қаржылық тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

«Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 26 қыркүйек №1612/10 негізінде «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің БИН 120340003574 жарғылық капиталы 1506260,06 (бір миллион бес жүз алты мың екі жүз алыс) теңге 06 тиынға төмендегені туралы хабарлайды.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАР

«Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ «А56 және А91 көшелерінің қиылысы ауданында кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көпбөлірлі тұрғын үй кешенін салу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда орналастырылған <https://ecoportal.kz> жария талқылаулар 17.10.2023 ж. бастап өткізіледі және бірыңғай экологиялық портал сайтында 15 жұмыс күні ішінде жалғасады.

Бастамашы – «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, С.Сейфуллин көшесі, 30, тел.: + 7 (7172) 32-01-58.

Жобалық құжаттамамен әзірлеуші: «Р.А.Оқапов» ЖҚ, Ақмола облысы, Көкшетау қ., М.Торжый к-сі, 2К, orazainnova@list.ru, тел.: 8-701-750-38-22.



ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫН ҚАНДЫРДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымы елордадағы әртүрлі сахнада ұлттық және классикалық музыкадан үш бірдей концерт ұсынды. Қазақ оркестрі, Ғазиза Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті және «Forte Trio» мемлекеттік триосы қала тұрғындары мен қонақтарының құлақ құрышын қандырып, жан сарайын ашты.

Қазақ оркестрінің XXVII концерт маусымы елорданың ширек ғасырлық мерейтойына арналған «Астана – өнер ордасы» бағдарламасымен ашылды. Ұлттық әскери-патриоттық орталығының концерт залында өткен кеште қазақ және әлем композиторларының таңдаулы шығармалары орындалды.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айтқали Жайымов пен оркестр дирижері – Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекеновтің жетекшілігімен өнер ұжымы Түркештің «Көңілашар», Тәттімбеттің «Саржайлау», Дина Нұрпейісованың «Әсемқоңыр», Құрманғазының «Сарыарқа» және «Серпер», Жанар Жүсіпованың «Тұран», Айтбай Мұздахановтың «Аманкелді дүбірі», Нұрлан Бекеновтің «Мұқағали» шығармаларының оркестрлік

өңдеулерін ұсынды. Сонымен қатар Жорж Бизенің «Кармен» және Вольфганг Амадей Моцарттың «Фигароның үйлену тойы» операларынан ұлттық аспаптар оркестріне арналған увертюралар әуеледі.

Оркестр мүшелері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін шертсе, қобызшы-композитор Жанар Жүсіпова «Ықылас» күйін сарнатты. Оркестрмен бірге мәдениет саласының үздігі Ботагөз Тәшімова Еділ Құсайыновтың «Қышпақ жыры» шығармасын, Айтқали Жайымовтың «Отпан тау» күйін халықаралық байқаулардың лауреаты Қайрат Жұмағалиев орындады.


Филармонияның академиялық вокал бөлімінің әншілері Талғат Алабиринов оркестрдің сүйемелдеуімен Абайдың «Айттым сәлем,

Қаламқас» және Ди Капуаның «О, sole mio» әндерін шырқады. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынбек Әбілда Сыдық Мұхамеджановтың «Айсұлу» операсынан Серке каватинасы мен Еркеғали Рахмадиевтің «Бала ғашық» туындысымен өнер көрсетті. Халықаралық байқаулардың лауреаты Фируза Рахметова Луиджи Ардитидің «Сүйейік» және Латиф Хамидидің «Бұлбұл» шығармаларын орындады. Концерт шымылдығы Арман Жайымның «Қазақ елі» және Ермұрат Усановтің «Астана» әндерімен жабылды.

Ғазиза Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті «Музыка мәңгілік: XIX, XX, XXI...» атты концертін «Астана Опера» театрында өткізді. Атауы айтып тұрғандай, кеш бағдарламасында үш дәуірдің шығармалары

орындалды. Атап айтқанда, неміс композиторы Людвиг ван Бетховеннің, Дмитрий Шостаковичтің және Төлеген Мұхамеджановтың ұстазы Ғазиза Жұбанованың рухына арналған №1 ішекті квартеті ойналды. Квартет құрамы: Ернар Мыңтаев (виолончель) – ұжымның көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айдар Тоқталиев (бірінші скрипка), Алексей Лебедев (екінші скрипка), Бекзат Сайлаубайұлы (альт).

Ал «Forte Trio» мемлекеттік триосы Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында «Еуропаның ұлы композиторлары» циклынан «Музыкалық саяхат. Чехия» концертін ұсынды. Онда Антонин Дворяк пен Берджис Сметананың шығармалары орындалды.




АМАНДОС АҚАНАЕВ ӘЛЕМІ

Ұлттық музейде көрнекті қылқалам шебері, Қазақстан көркем академиясының президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Амандос Ақанаевтың 75 жас мерейтойына орай «Амандос Ақанаев әлемі» көрмесі ашылды.

Суретшінің шығармашылығы өзіндік стилімен, ұлттық нақышпен, заманауи техника түрлерінің үйлесімімен ерекшеленеді. Оның картиналарының әлемі – көшпенділер мәдениетінің ауқымды көркем шежіресі. Суретшінің туындылары елімізде де, шетелде де сұранысқа ие. Шебердің шығармаларында тарихи тақырыптар, мотивтер мен қазіргі заман бейнелері тоғысқан.

Амандос Ақанаевтың ұлттық бағыттағы картиналары Ұлттық музей, Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі, Третьяков галереясы, Шығыс халықтары өнері музейі (Мәскеу) және басқа да әлемнің ірі музейлері мен жеке коллекцияларда сақталған. Ал осы көрмеге автордың 60-қа жуық жұмысы қойылды. Олардың көпшілігі соңғы жылдары салынған және қалың көпшіліктің назарына әлі ұсынылмаған. Әсіресе қазақ мәдениеті мен өнеріне еңбек сіңірген тұлғалар портреттері ерекше орын алған. Олардың қатарында Нұрғиса Тілендиев, Тұманбай Молдағалиев, Болат Аюханов, Тұңғышбай Жаманқұлов, басқа да портреттер бар.

19 қазанға дейін жалғасатын көрмені Ұлттық музейдің 4-қабатында орналасқан №2 бейнелеу өнері залынан тамашалауға болады.



Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«САЛТАНАТТЫҢ» БИ ШАШУЫ

«Салтанат» мемлекеттік би ансамблі Астана қаласында «Салтанатты елім» атты концерт өткізіп, елге, елордаға өнерден шашу шашты. Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында өткен шара Республика күніне арналды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Елорда тұрғындары мен қонақтары концерт бағдарламасында «Қазақ өрнектері», «Шашу», «Сылқыма», «Қос алқа», «Балбырауын», «Биші қайың», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Аса таяқ», «Татар биі», «Жастық жалын», «Еврей биі», «Мейірім», «Болгар биі», «Моңғол биі», «Молдаван биі», «Қыз қуу», «Ғажайып тылсым», «Жарық», «Алтынай», «Ел салтанаты» би қойылымдарын

тамашалады. Сондай-ақ әлем халықтарының билері және қазақтың ұлттық билері ұсынылды. Кешке республикалық және халықаралық конкурстың лауреаты Асқар Мұқият, халықаралық конкурстың лауреаты Рухия Байдүкенова және кеш жүргізушісі Әділет Рахымбай қатысты.

Ертеден бері қазақ биінің қоржынында қасиетті тұмардай сақталған классикалық билермен қатар қазіргі заманға сай модерн стиліндегі түрлі жарық, декорациямен түрленген заманауи билер би ұжымының, балетмейстердің

жаңаша ізденісін, айрықша талантты таныта түскендей. Сондай қатты әсер еткен бидің бірі «Қыз қуу» болды. Ұжымға жаңа леппен келген балетмейстер, жас талант Талғат Ахметовтің өнерін ел алдындағы емтиханындай қуана қабылдағанымыз рас. Қазақтың қаймағы бұзылмаған Маңғыстау өңірінен келген балетмейстер халық алдына шығудың зор жауапкершілік екенін сезіне отырып, бишілердің қабілетін көрсететін, қазақ өнерінің тамыры тереңде, шығар жолы биікте екенін танытқандай ғажап нөмір болды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №120

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ